Демографиялық саясат халықтың ұдайы өсіп-өнуі мен қоныстануын реттеу арқылы қоғамның дамуын және қолайлығын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік шаралар жүйесі. Оған ішкі және сыртқы миграцияны реттеу, урбандану үдерісін тәртіпке келтіру, денсаулық сақтау қызметтерін жетілдіру жолдары арқылы өлім-жітімнің төмен көрсеткіштеріне қол жеткізу сияқты шаралар кешені кіруі мүмкін, бірақ оның негізгі міндеттерінің біріне әртүрлі экономикалық, әлеуметтік, әкімшілік-құқықтық және насихаттау құралдары арқылы туу көрсеткіштеріне әсер ету (ынталандыру немесе шектеу) кіреді. Демографиялық саясаттың экономикалық шараларына бала босануына байланысты төленетін еңбек демалыстары мен әртүрлі жәрдемақылар, балалар санына, жасына, отбасы түріне байланысты жәрдемақылар, жеңілдетілген қарыз бен несие түрлері, салықтық және тұрғын үйге байланысты жеңілдіктер және т.б. жатады. Әкімшілік-құқықтық құралдарға неке, ажырасу, отбасындағы балалардың орны, алименттік міндеттер, ана мен баланы қорғау, аборттар, контрацепция құралдарын қолдану, жұмысқа қабілеттілігі жоқ азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру, қызметтегі баласы бар аналардың жұмыспен қамтылуы мен еңбек тәртібі шарттары, ішкі және сыртқы көші-қонды жатқызуға болады [1]. Халықтың ұдайы өсіп-өнуінде қоғамдағы демографиялық ахуалды анықтайтын қоғамдық пікір мен демографиялық сипаттың нормалары мен стандарттарын қалыптастыратын насихаттау мен тәрбие беру шаралары үлкен рөл атқарады. Нақты жағдайда тууға әсер етуші құралдарды таңдау қойылған міндеттердің көлемі мен олардың ғылыми дәлелділік деңгейі, қоғамдық жағдай мен мемлекеттің нақты мүмкіндіктеріне байланысты анықталып отырады.

Қазіргі кездегі әлемдегі демографиялық саясатты ұстану ерекшеліктері

Соңғы уақытта көптеген мемлекеттер демографиялық саясатты реттеу мақсатында біраз шаралар кешенін қамтитын әрекеттер арқылы туу көрсеткіштерін көтерумен қатар өлім-жітімді төмендетуге тырысып жатыр.

Халықтың ұдайы өсіп-өнуінің бірінші түріне жататын елдердің көпшілігі туу көрсеткіштерінің төмендеуіне алаң болып отыр, өйткені бұл үдеріс еңбекке жарамды халықтың үлесін азайтып, халықтың қартаюына алып келеді. Сондықтан да, қазіргі кезде дамыған елдер туу көрсеткішін көтеруге бағытталған демографиялық саясатты ұстанып отыр. Еуропалық елдердің көбісі (Түркиядан

басқасы) өздерінің халқының өсу қарқыны төмен дамуда деген тұжырымға келген. Олардың демографиялық саясатында бірнеше бағыттар басымдылық көрсетіп отыр. Соның ішінде, отбасын нығайту арқылы туу көрсеткіштеріне әсер ету шаралары ерекше орын алған. Оларды қолданудағы кейбір мемлекеттердің мақсаты отбасын нығайту болса, басқаларында әлеуметтік дамуды күшейту, ал келесілері демографиялық жағдайды жақсартуды мақсат етіп қойған болатын. Ол үшін іске асатын шаралар түріне босанған әйелдерге арналған материалдық төлемдер (босанғаннан кейін төленетін бір реттік төлемдер), босанғаннан кейін берілетін еңбек демалыстары, бала күтіміне байланысты демалыс, баласы бар отбасыларға салықтарға жеңілдік беру арқылы (жалақыға қосылып есептелінеді) материалдық көмек көрсету, жас баласы бар әйелдің жұмыс уақытын қысқарту, мектепке дейінгі тәрбие беру қызметін ақысыз немесе жеңілдікпен көрсету, тұрғын үйге байланысты жеңілдіктер, бала белгілі бір жасқа толғанға дейінгі ай сайынғы төлемдер жатады [2].


Дамыған елдерде жас отбасыларға тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған жеңілдіктер шарасы қарастырылған. Мысалы, пәтеракысы төмен үйді жалдауға, пәтер сатып алуға немесе өз үйін салып алуға төмен пайызды несиелер беріледі. Батыс Еуропа елдерінің көпшілігінде пәтер несиеге алына-тын болғандықтан, кейбір елдерде қарызды төлеуге мүмкіндік беретін тұрғын үйге арналған ақшалай жәрдемақылар беріледі. Жас отбасыларға көбінесе пайызсыз ұзақ уақытқа арналған несие беріледі. Отбасында бала туылғаннан кейін несие қарызы жойылып кетуі де мүмкін [3]. Мысалы, Исландияда отбасын құрған жағдайда, жастарға мемлекет тарапынан пәтердің кілті табысталады. Демографиялық дағдарысқа тап болған бірінші мемлекеттердің бірі – Франция болды [4].

Мәліметтерге сай, келе жатқан онжылдықтарда әлем бойынша халықтың ұдайы өсімі дамушы мемлекеттер тарапынан жүзеге асады деп күтілуде. Бұл елдердегі экономикалық мешеулікті жою проблемасын ұлғайта түседі. Сондықтан, туу көрсеткіштерін шектеу саясатын жалпы алғанда шамамен 80 ел ұстанып отыр. Бұл елдердің көпшілігі ашаршылық пен кедейлікті шешу жолдарының бірі деп қарастырады. Халықтың табиғи қозғалысына кейбір мемлекеттер ешбір араласпайды, соның ішінде көбісі мұсылман елдері.

Демографиялық көрсеткіштер мен саясатты салыстырмалы түрде талдау

Демографиялық саясатты іске асыру мысалы ретінде дамушы Азия елдерін алып қарастыруға болады. Бірінші кезекте, бұл халық саны жағынан алдыңғы қатардағылар, яғни Қытай мен Үндістан, сонымен қатар, Индонезия, Пәкістан, Бангладеш, Малайзия, Тайланд, Филиппин елдеріне қатысты. Кейбір Латын Америкасы елдері мен Солтүстік Африканың кейбір елдерінде де белсенді демографиялық саясатты ұстанады. Бірақ, басқа дамушы мемлекеттер, әсіресе, мұсылман елдерінде бұл саясат аз қолданыста болып отыр [5].

Соңғы алпыс жылда әлем халқы саны шамамен 2,6 есеге өскен. Соның ішінде, ең көп көбейген елдерге Уганда (6,3 есе), Эфиопия (4,7 есе), Пәкістан (4,4 есе) және Филиппин (4 есе) жатады. Іске асырылып отырған белсенді демографиялық саясатына қарамастан, әлемдегі халқы жағынан ең көп елдер Қытай (2,1 есе) мен Үндістан (3 есе) халықтары да көбейіп отыр (1 сурет) [6]. Салыстырмалы түрде, алынған кезең бойынша Қазақстан халқы да 2 есеге артқан болатын [7].




Ескерту: <https://data.worldbank.org>

Сурет 1 – 1960 жыл мен 2017 жылды салыстырғандағы әлем бойынша халық санының өзгеруі (есе).

Демографиялық саясаттың ұтымды шараларының бірі ретінде дамушы елдер некеге тұру жасын заңды түрде көтерген болатын. Мысалы, Қытайда некеге тұру үшін ер адамдар 22 жасқа, әйел адамдар 20 жасқа толуы қажет [9], Үндістанда ерлер үшін 21 жас, әйелдер үшін 18 жас [10]. Шындығында, некеге тұру жасы тіпті жоғарылап кеткен, себебі, ол жастардың көпшілігінің бірінші кезекте білім алып, содан кейін, жұмысқа тұрып, кәсіби дайындықтан өтуге тырысуымен байланысты болып шыққан.

Туу көрсеткіш деңгейі жоғары елдерде отбасын жоспарлау саясаты іске асып отырады. Жоғарыда айтылғандай, әлем бойынша халық саны жағынан бірінші орынды Қытай алып отыр. Бұл мемлекетте 25 жылдан астам уақыт бұрын «бір отбасы – бір бала» жүйесі енгізілген болатын, бірақ, туу деңгейін төмендетуге байланысты қатаң шектеулерге қарамастан, халық саны жылдан жылға көбейіп отырған. 2002 жылы Қытайда қазіргі мемлекеттік саясатты заңнамалық тәртіпте бекіткен демография және жоспарлы бала туу туралы бірінші заң қолданысқа енді. Бұл заңнамаға сәйкес, кейбір азаматтарға бірден артық балалы болуға рұқсат берілген. Көпбалалы отбасылар, әдетте, мемлекеттің қолдауынан айырылып ғана қоймай, олардың көпшілігі өздерінің азаматтық құқықтарынан да қол үзетін жағдайлар кездеседі. Отбасында бір бала болған жағдайда, мемлекет тарапынан көптеген жеңілдіктерге ие болады. Оларға жалақыға үстеме қосу, ай сайынғы жәрдемақылар төлеу, ақысыз медициналық қызметтер көрсету, баланы балабақшаға орнықтыру, мектепке орналастыру, жоғарғы оқу орнына түсіру жәнет т.б. артықшылықтар жатады. Екі баласы бар отбасылар бұл жеңілдіктердің барлығынан айырылып ғана қоймай, айыппұл төлеуге міндетті болады. Сонымен қатар, оларды жұмыс орнында қызметте төмендетуге дейін барады. Ал, көп баласы бар отбасылардың ата-аналарының жалақысынан уақыт өткен сайын өсіп отыратын пайыздар алынып отырады. Туу үдерісін бақылауда ұстау, ұлттық дәстүрлік ерекшеліктер мен қазіргі заманғы медициналық технологиялар Қытай халқының жыныстық құрылымының бұзылуына алып келді [11]. Қазіргі уақытта бұл елде қыздардан қарағанда ұл балалар көп дүниеге келеді екен. Бұл ерлер санының тым артуы мен потенциалды қалыңдықтар санының тапшылығына алып келіп, сол елдегі әлеуметтік, саяси, моралды-психологиялық жағдайға кері әсер етіп жатыр. Мұнымен қатар, туудың төмендеуіне байланысты халықтың қартаю құбылыстары да байқалып отыр (2 сурет).



Ескерту: <https://data.worldbank.org>

Сурет 2 – Қытайдың 1960-2017 жылдар аралығындағы халық санының өзгеруі (%).

Әртүрлі болжамдар бойынша келесі онжылдықтарда Қытайдың халық саны жаңа тарихи кезеңге өтеді. Туудың төмен деңгейін тұрақты түрде сақтап қалған жағдайда, ел халықтың төмен ұдайы өсімінен нөлдік шамаға дейін жетуі мүмкін [12].

Мұндай жастық-жыныстық құрылымның бұзылуы мен осындай кері әсер жиынтығы қазіргі Үндістанда да байқалып отыр. Үндістанның демографиялық саясаты мемлекеттің ресми саясаты ретінде 1951 жылы тіркелген. Сол уақыттың басты міндеті бала тууға шек қою ғана емес, сол арқылы отбасын қоғам ұяшығы ретінде нығайту болып табылды. Демографиялық саясат дәстүрлі көп балалы отбасынан екі, үш балалы отбасына көшу міндетін алдыға қойған. Туу көрсеткішін бақылау құралдары өзгеріссіз қалды, яғни стерилизация немесе жүктіліктің алдын алу болды. 1976 жылдан бастап ер адамдарды мәжбүрлі түрде стерилдеуге негізделген отбасын жоспарлаудың жаңа және қатаңырақ бағдарламасы


іске аса бастады. Бағдарлама бойынша некеге тұру жасы әйел адамдар үшін 15 жастан 18 жасқа, ер адамдар үшін 22 жастан 23 жасқа көтерілді. 1986 жылдан бастап, Үндістан үкіметі халық саны өсімін азайту мақсатында тағы да жаңа бағдарлама қабылдайды. Бағдарламаға сәйкес норма ретінде бір отбасына екі бала болуы тиіс болатын. 2000 жылдан бастап 2045 жылға дейін халық санын тұрақтандыру мақсатында демографиялық саясаттың жаңа Ұлттық бағдарламасы дайындалған [13].

Туу көрсеткішіне шектеу қою барысында белгілі бір жетістіктерге жеткендердің ішінде Вьетнам мемлекеті бар. Бұл елде де отбасын жоспарлау бойынша саясат жүргізіліп жатқанымен халықтың ұдайы өсімі салыстырмалы түрде жоғары болып отыр [14].

Дамушы мемлекеттердің кейбіреулерінің экономикалық дамуымен қатар, туу көрсеткіші халықтың жай ұдайы өсіп-өнуімен қамтамасыз ету деңгейіне дейін жеткен болатын. Оған бұл елдерде жүргізіліп жатқан отбасын жоспарлау саясаты себептес болды. Бұл жағдайдың айқын дәлелдеушісі ретінде Иран мемлекетін қарастыруға болады. Ирандағы отбасын жоспарлау саясатының алғашқысы 1967 жылы қабылданған. Кейінгі онжылдықтарда туу коэффициентінде көп өзгеріс бола қойған жоқ. Халық саны орташа есеппен 1,3 есеге өскен болатын [7]. 1979 жылғы ислам революциясынан кейін бұл бағдарлама тоқтатылған болатын. 1989 жылы елдің діни қызметкерлері мақұлдаған отбасын жоспарлаудың екінші бағдарламасы қабылданады [15].

Демографиялық дағдарысқа ұшыраған көптеген экономикалық тұрғыдан дамыған мемлекеттер туу коэффициенті мен халықтың ұдайы өсімін көтеруді көздейтін демографиялық саясатты ұстанып отырады. Бірінші кезекте, бұл Еуропа елдеріне қатысты жағдай. Бұл елдердің негізгі демографиялық проблемасына жай халықтың ұдайы өсімімен қамтамасыз ете алмайтын және шартты түрде оның азаюына (депопуляция) алып келетін туу көрсеткішінің төмендігін жатқызуға болады [16]. Дегенмен, олар ресми түрде халықтың репродуктивті жүріс-тұрысына араласпау саясатын жүргізіп отырады. Соған қарамастан, бұл елдердің біраз бөлігі (Бельгия, Германия, Италия, Люксембург, Жапония және т.б.) халықтың өсу қарқыны мен туу деңгейін қанағаттанарлықсыз [7] деп есептейді.

Жалпы Еуропа елдеріндегі туу көрсеткіші 1960 жылдардың өзінде салыстырмалы түрде жоғары болды деп айту қиын, себебі осы жылдың бір әйелге шаққандағы орташа көрсеткішінің өзі 2,6 құраса, бұл жылдағы Қазақстандағы көрсеткіш 4,5 болған. 2010 жылғы көрсеткіш 1,7 болса, 2016 жылы 1,6-ны құраған, ал Қазақстанда 2,7 болған (3 сурет) [7].




Ескерту: <https://data.worldbank.org>

Сурет 3 – 1960-2016 жылдар аралығындағы Еуропа елдері мен Қазақстанның туу көрсеткіштерінің кзгеруі (бір әйелге шаққандағы).

Өнеркәсіптік дамыған елдер отбасылыққа жақын мемлекеттік саясатты жүргізіп отырады. Бұл елдердің барлығын біріктіретіні бала туу мен оны тәрбиелеу, оларды ересек өмірге дайындау негізгі міндеті болатын отбасын маңызды әлеуметтік институт ретінде мойындау болды. Сонымен қатар, баласы бар отбасына іс жүзінде мемлекеттік көмек көрсету шараларын жүзеге асыра отырып, көптеген елдер отбасы саясатын ресми түрде жария етпейді.

Франция және де басқа да Еуропа елдерінің саясаты бүгінгі күні мәнсап пен отбасылық өмірді қатар алып жүру саласында икемді үлгі қалыптастыруға себептес болған табысты мемлекеттік бағдарламаларды көрсетіп отыр. Бұл саясаттың негізі ретінде бірінші бала дүниеге келген кезде өмір сүру деңгейінің кенеттен түсіп кету қаупінен сақтап қалу арқылы келесі балаларды тууға ынталадыруға болып табылады [17]. Қазіргі кезде Еуропада отбасын құрудың орташа жасы ерлер үшін 32 және әйелдер үшін 29,2 жасты құрады. Еуропа елдеріндегі ерлер арасындағы отбасын құрудың ең жоғарғы жасы Швецияда 36,5 жас болса, екінші орынды 35,1 жасты құрап Испания алып отыр. Дания, Италия және Норвегияда 34,7 жас, Греция, Финляндия және Нидерландыда 33 жастан асады. Швеция мен Испания елдерінде әйелдер үшін 33 жастан жоғары болса, Дания, Италия, Люксембург, Нидерланды, Норвегия елдері үшін орта есеппен 32 жастан асып отыр (4 сурет) [18]. Салыстырмалы түрде, 2018 жылдағы Қазақстандағы неке құрудың орташа жасы ерлер үшін 29,2 жас болса, әйелдер үшін 26,3 жасты құраған [8].



Сурет 4 - Еуропадағы неке құрудың орташа жасы.

Әлем елдері бойынша демографиялық саясатты ұстану ерекшеліктері

Жалпы Батыс Еуропа елдерінің демографиялық саясаты шаралар жүйесі бір-біріне ұқсас болып келеді, айырмашылық тек, төлемдер мен басқа да жеңілдіктер көлемінде болады. Мысалы, 90 жылдардың басындағы бала тууына байланысты бір реттік төлем Германияда – 100 марка, Ұлыбританияда – 25 фунт стерлинг, Францияда – 2600 франк, Испанияда – 3000 песетті құраған. Баланы асыруына байланысты ай сайынғы жәрдемақы көлемі Германияда бірінші балаға 50 марка, екіншісіне 100 марка, үшінші және одан жоғарғыларына 200 марка болса, Нидерландыда бірінші балаға 90 гульден, ал сегізінші балаға 2015 гульденге дейін төленіп отырған. Францияда мұндай ай сайынғы жәрдемақылар екі балаға 500 фактан басталып, алты балаға 3000 франкқа дейін өсе отыра келе, бұл төлемдер балалар 16 жасқа толғанға дейінгі уақытқа дейін төленіп отырады. Швецияда жүктілікке және бала босануға байланысты демалыс 32 аптаны құрап, жалақының 90 пайызын құраған.

Демографтардың ойынша, қазіргі таңда туу мен табиғи өсімді жоғарылатуды ынталадыру саясатын Франция мен Швеция елдері белсенді түрде ұстанып отыр [19].

Франция

Салыстырмалы түрде, қазіргі деректер бойынша, Францияда 2018 жылдың 1 сәуірінген бастап жаңа туған балаға берілетін жәрдемақы көлемі 946,39 еуро болса, 20 жасқа дейінгі баланы асырап алуына байланысты 1892,77 еуро төленіп отырады. Баланы 1 жасқа дейін асырау барысында ата-анасының біреуінің толық жұмысқа шықпауына байланысты ай сайынғы төлем 398 еуро болса, жартылай жұмысқа шығуына байланысты төлем 257,29 еуро, 80 пайызға дейін жұмыс уақытын пайдалануына байланысты 148,41 еуро төленіп отырады. Отбасында 3 баладан артық болатын болса, бұл сомма 650,55 еуроны құрайды. Жалпы, бұл мемлекетте бала тууына және оны бір жасқа дейін асырауына байланысты көптеген жеңілдіктер бар. Оның ішінде 3 тен артық баласы бар отбасыларға жалпы, орта, жоғарғы білім алу жеңілдіктері де қарастырылған [20].

Германия

Германияда бала тууына байланысты жұмысын толық тоқтатқан ата-ана үшін ай сайынғы жәрдемақы көлемі оның жалақысының 67 пайызын құрайды, бірақ бұл сомма 1800 еуродан аспауы қажет. Есептеу барысында төлемақы көлемдері минимум 300 еуродан максимум 1800 еуроға дейін жетеді. Бұл жәрдемақы бала 1 жасқа толғанша төленіп отырады. Сонымен қатар, белгілі бір жағдайларға байланысты бұл кезең 14 айға созылуы мүмкін. Асыраушы ата-ана 3 жылға дейін жұмысқа шықпауына құқығы бар. Бұл уақыт аралығында мемлекет тарапынан төмендетілген жәрдемақы алу заңмен негізделген. Германия мемлекеті тарапынан балаларды тәрбиелеуге байланысты ата-анаға көмек атты жәрдемақы түрі қарастырылған, оның ай сайынғы мөлшері 194 - 225 еуроны құрайды. Бұл жәрдемақы түрі бала 18 жасқа толғанға дейін немесе оқуға түсуіне байланысты 25 жасқа толғанша төленіп отырады. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл жәрдемақы көлемі бірінші және екінші балаға 194 еуро, үшінші балаға 200 еуро, төртінші және одан көп балаларға 225 еуроны құрады. Егер жан басына шаққандағы табысы 7356 еуродан аспаса, бұл жәрдемақыдан бас тартқан ата-ана, салықтан босатылады [21].

Ұлыбритания

Ұлыбританияда бала босануына байланысты демалыс 39 аптаны құрайды. Босануына байланысты өтемақылардың бір апталық көлемі орташа айлық жалақының 90 пайызын немесе 145,18 фунт стерлингті құрайды. Осыған байланысты автоматты түрде 1 класс бойынша сақтандыру полисі беріледі. Босанған әйел жұмыс істемеген жағдайда 14 апта бойы 27 фунт стерлинг алып отырады [22].

Испания

Испанияда бала босануына байланысты демалыстан 1 ай бұрын орташа айлық жалақы 100 пайыз көлемінде 16 апта бойы төленеді. Баланы босанғаннан кейін әйел адамның жартылай жұмысқа шығуына мүмкіндік бар, бірақ жалақы толық төленіп отырады. Бала босануына байланысты бір реттік төлемдерге келетін болсақ, екінші балаға 2943,6 еуро, үшінші балаға 5887,2 еуро, төртінші және одан көп балаға 8830,8 еуро төленеді [23, 24].

Швеция

Швецияда болашақ аналарға босану және бала күтіміне байланысты курстар мен жаттығуларға ақысыз баруына болады. Қауіпті аймақтарда немесе ауыр жұмыс істейтін болашақ аналарға жалақының 80 пайызын құрайтын қосымша жәрдемақы түрлері қарастырылған. Көптеген Швед ауруханаларында босанғаннан кейін 2 немес 3 күнге қалуға болатын қонақ үйлерде тегін түрде қажетті медициналық қызмет алуға болады. Швецияда бала босануына немесе асырап алуына байланысты 480 күннен тұратын демалыс алуға болады. Демалыстың алғашқы 390 күнінде жалақының 80 пайызын алып отыру мүмкіндігі бар, ал қалған 90 күндік жәрдемақы тиянақталған мөлшерлемен төленеді. Бұл демалыс бала 8 жасқа толғанға дейін созылып, әр балаға жеке-жеке алынып отырады. Бала 8 жасқа толғанға дейін ата-аналарына 0,25 мөлшерлемеде қызмет жасауына рұқсат беріледі, бірақ жалақы тек жұмыс істеген уақытына байланысты төленеді. Швецияның ерекшелігі бұл демалыс анасына да, әкесіне де тиесілі болып келеді. Әр ата-ана кезегімен төленетін 480 күн демалысты 240 күннен бөліп алуына болады. Төленетін демалыспен қатар, үкімет әр балаға 16 жасқа толғанға дейін ай сайын жәрдемақы төлеп отырады. 2015 жылдың мәліметі бойынша, жәрдемақы көлемі 1050 (101,85 еуро) швед кронын құраған. Егер, отбасында бір баладан артық болатын болса, онда әрбір бала қосылған сайын қосымша жәрдемақы алу мүмкіндігі бар. Сонымен, 6 баласы бар отбасы ай сайын 6300 (611,1 еуро) швед кронын алып ғана қоймай, қосымша 4114 (399,05 еуро) швед кронының иегері болады, себебі, бұл 6 баладан көп баласы бар отбасыларға арналған қосымша жәрдемақы болып табылады. Сонымен қатар, оқу үдерісі мен денсаулық сақтау қызметі тегін көрсетіледі [25].

Қазақстан

Қазақстан жоғарыда көрсетілген халықтың ұдайы өсіп-өнуінің бірінші түріне жататын елдердің қатарына кіреді. Себебі, мемлекеттік саясат жалпы туу көрсеткіштерін көтеруге бағытталған. Балалы

отбасылардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда, Қазақстанда бірнеше мемлекеттік жәрдемақы мен төлемақылардан тұратын балалы отбасыларды қолдаудың ұлттық жүйесі қалыптасқан. Туу деңгейін көтеру мен балаларды отбасында тәрбиелеуге ынталандыру үшін көлемі отбасындағы балалар санына тәуелді (2003 жылдан бастап бала тууына байланысты, ал 2006 жылдан бастап баланы бір жасқа дейін асыруына байланысты) жәрдемақылар тағайындалған болатын. 2018 жылдың мәліметтеріне сәйкес, мемлекет тарапынан жұмыс істемейтін әйелдерге бала тууына байланысты бір реттік төлем бірінші, екінші, үшінші балаға – 38 АЕК (91390 теңге), төртінші және одан кейінгі балаларға 63 АЕК (151515 теңге) тең болды. Бала бір жасқа толғанға дейінгі ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы көлемі бірінші балаға – 5,76 АЕК (13852,8 теңге), екінші балаға – 6,81 АЕК (16378,05 теңге), үшінші балаға – 7,85 АЕК (18879,25 теңге), төртінші және одан кейінгі балаларға – 8,9 АЕК (21404,5 теңге) болып табылады.

Сонымен қатар, 2008 жылдан бастап бала тууына және баланы бір жасқа дейін асырап алуына байланысты табысынан айырылуы бойынша әлеуметтік қауіп-қатерге ұшырау кезіндегі төлемдер жүйесі қолданысқа енді. Бұл төлемдер мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры арқылы төленіп, бір реттік төлемнің көлемі орташа айлық жалақының 40 пайызын құрайды. Бала күтіміне байланысты бір жасқа толық толғанға дейін төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлем (Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмыс істейтін әйелдерге) мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін табысты алмастыру коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі [26].

ҚОРЫТЫНДЫ

Туу көрсеткіштерін төмендетуді негізгі бағыт ретінде ұстанғандарға көбінесе дамушы мемлекет-тер кіреді. Алайда, бұл елдерде медицинаның дамуы мен белгілі салт-дәстүрлер мен ұстанымдарға байланысты жастық-жыныстық құрамның бұзылуы байқалады. Бұл, қазіргі кезде әлемдік деңгейде үлкен мәселеге айналып отыр. Ал, керісінше, туу деңгейін көтеру саясатын ұстанған мемлекеттерге дамыған елдер, яғни, көбінесе Батыс Еуропамен қатар, Қазақстан да кіреді.

Сонымен, халық санының жылдан-жылға өсуі мен халықтың ұдайы өсуінің әртүрлі үлгісіне карамастан, әлемде жақын болашақта планета халқының санының өсін тоқтатуға алып келетін (егер өркениеттің даму үдісі түбегейлі түрде өзгермесе) туу көрсеткіші деңгейін төмендетудің тұрақты үрдісі қалыптасып, одан әрі дамып келе жатыр. Демографиялық мінез-құлық өмірлік құндылықтар жүйесімен тығыз байланыста бола отырып, мәдени, әлеуметтік-экономикалық, саяси факторлердің жиынтығы әсерінен қалыптасады. Адам өркениетінің әр кезеңі өзіне тән демографиялық мінез – құлықтың нақты моделімен сипатталады.

ПРИМЕЧАНИЕ/ ЕСКЕРТУ

Мақала №AP05134319/ГФ «Мәңгілік ел» аясында Қазақстан аймақтарының демографиялық дамуының болашағы» жобасы аясында жарияланған.

Статья опубликовано в рамках проекта №AP05134319/ГФ «Перспективы демографического развития регионов Казахстана в контексте «Мәңгілік ел»»

№AP05134319/ГФ “Prospects of the demographic development of the regions of Kazakhstan in the context of “Mangilik Yel”.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 В.П. Максаковский. Демографическая политика. Издательский дом «Первое сентября». Цифровые технологии в образовании. № 37/2001
- 2 A. Walker, T. Maltby. Active ageing: A strategic policy solution to demographic ageing in the European Union. International journal of social welfare. Volume21, Issues1. March 2012
- 3 R. Lesthaeghe, K. Neels. From the First to the Second Demographic Transition: An Interpretation of the Spatial Continuity of Demographic Innovation in France, Belgium and Switzerland. European Journal of Population / Revue européenne de Démographie. December 2002, Volume 18, Issue 4, pp 325–360

- 4 L.Toulemon, A.Pailhé, C.Rossier. France: High and stable fertility. *Demographic Research*. Vol. 19 (July - December 2008), pp. 503-556 (56 pages)
- 5 Тевенон О. Семейная политика в развитых странах: контрастирующие модели // *Population et sociétés*. 2008. N2 448. Septembre. URL: ined.fr/en/resources_documentation/publications/pop_soc/bdd/publication/1368/
- 6 P. Demeny. Population Policy and the Demographic Transition: Performance, Prospects, and Options. *Population and development review*. Volume 37, Issues 1. January 2011, Pages 249-274
- 7 Халықаралық worldbank.org интернет ресурстарының мәліметтерінен, <https://data.worldbank.org>
- 8 ҚР ҰЭМ Статистика Комитетінің ресми сайтының мәліметтерінен, www.stat.gov.kz
- 9 X. Peng. China's Demographic History and Future Challenges. *Science*. 9 November 2018. Vol 362, Issue 6415
- 10 R. Pande. Can Mandated Political Representation Increase Policy Influence for Disadvantaged Minorities? Theory and Evidence from India. *American economic review*. vol. 93, No. 4, September 2003. (pp. 1132-1151)
- 11 B.A.Gustafsson, L.Shi, T.Sicular. Inequality and public policy in China: Issues and trends. Cambridge University Press. Cambridge University Press, 7 april. 2008.
- 12 C.Fang and Dewen Wang (2005) China's Demographic Transition: Implications for Growth, in Garnaut and Song (eds) *The China Boom and Its Discontents*, Canberra: Asia Pacific Press.
- 13 A.Mody, Sh.Aiyar. The Demographic Dividend: Evidence From the Indian States. International Monetary Fund, 2011.
- 14 Th.L.Giang, W.D. Pfau, Demographic Changes and the Long-Term Pension Finances in Vietnam: A Stochastic Actuarial Assessment. *Journal of Population Ageing*. July 2008, Volume 1, Issue 2-4, pp 125-151
- 15 Иран XX Демографическая статистика / под ред. М. В. Карманова. С. 456.
- 16 G. W. Jones, R. M. Douglas, J. C. Caldwell, R. M. D'Souza. The Continuing Demographic Transition. Clarendon Press, 1998
- 17 И.Григорьева, В.Дюпра-Куштапина, М.Шарова. Социальная политика в области родительства: сравнительный анализ (Россия — Франция) // *Журнал исследований социальной политики*. 2014. Т. 12. № 1. С. 32.
- 18 Халықаралық eurostat.eu интернет ресурстарының мәліметтерінен, <https://ec.europa.eu/eurostat>
- 19 A.Juha, A.Maarten, C.Harri, K.Nico, N.Timo, P.D.Quang. New forecast: Population decline postponed in Europe. *Statistical Journal of the United Nations Economic Commission for Europe*, vol. 23, no. 1, pp. 1-10, 2006
- 20 Халықаралық ec.europa.eu ресми сайтының мәліметтерінен, <http://ec.europa.eu/social/main.jsp?catId=1110&langId=en&intPageId=4532>
- 21 howtogermany.com интернет ресурстарының мәліметтерінен, https://www.howtogermany.com/pages/parental_allowance.html
- 22 moneyadvice.service.org.uk сайтының ресми мәліметтерінен, <https://www.moneyadvice.service.org.uk/en/articles/maternity-allowance>
- 23 expatica.com, интернет ресурстарының мәліметтерінен, <https://www.expatica.com/new/es/health-care/womens-health/pregnancy-maternity-102276/>
- 24 Халықаралық ec.europa.eu интернет ресурстарының мәліметтерінен, <http://ec.europa.eu/social/main.jsp?catId=1129&langId=en&intPageId=4790>
- 25 sweden.se интернет ресурстарының мәліметтерінен, <https://sweden.se/society/10-things-that-make-sweden-family-friendly/>
- 26 Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының ресми сайтының мәліметтерінен, <http://gfss.kz/#/home>

REFERENCES

- 1 V.P. Maksakovskiy. Demograficheskaya politika. Izdatel'skiy dom «Pervoye sentyabrya». Tsifrovyye tekhnologii v obrazovanii. № 37/2001

- 2 A. Walker, T. Maltby. Active ageing: A strategic policy solution to demographic ageing in the European Union. *International journal of social welfare*. Volume 21, Issues 1. March 2012
- 3 R. Lesthaeghe, K. Neels. From the First to the Second Demographic Transition: An Interpretation of the Spatial Continuity of Demographic Innovation in France, Belgium and Switzerland. *European Journal of Population / Revue européenne de Démographie*. December 2002, Volume 18, Issue 4, pp 325–360
- 4 L. Toulemon, A. Pailhé, C. Rossier. France: High and stable fertility. *Demographic Research*. Vol. 19 (July - December 2008), pp. 503-556 (56 pages)
- 5 Tevenon O. Semeynaya politika v razvitykh stranakh: kontrastiruyushchiye modeli // *Population et sociétés*. 2008. N2 448. Septembre. URL: ined.fr/en/resources_documentation/publications/pop_soc/bdd/publication/1368/
- 6 P. Demeny. Population Policy and the Demographic Transition: Performance, Prospects, and Options. *Population and development review*. Volume 37, Issues 1. January 2011, Pages 249-274
- 7 Khalykaralyk worldbank.org internet resurstarynyñ mǎlímetterinen, <https://data.worldbank.org>
- 8 K-R YEM Statistika Komitetiniñ resmi saytynyñ mǎlímetterinen, www.stat.gov.kz
- 9 X. Peng. China's Demographic History and Future Challenges. *Science*. 9 November 2018. Vol 362, Issue 6415
- 10 R. Pande. Can Mandated Political Representation Increase Policy Influence for Disadvantaged Minorities? Theory and Evidence from India. *American economic review*. vol. 93, No. 4, September 2003. (pp. 1132-1151)
- 11 B.A. Gustafsson, L. Shi, T. Sicular. Inequality and public policy in China: Issues and trends. Cambridge University Press. Cambridge University Press, 7 april. 2008.
- 12 C. Fang and Dewen Wang (2005) China's Demographic Transition: Implications for Growth, in Garnaut and Song (eds) *The China Boom and Its Discontents*, Canberra: Asia Pacific Press.
- 13 A. Mody, Sh. Aiyar. The Demographic Dividend: Evidence From the Indian States. *International Monetary Fund*, 2011.
- 14 Th. L. Giang, W. D. Pfau, Demographic Changes and the Long-Term Pension Finances in Vietnam: A Stochastic Actuarial Assessment. *Journal of Population Ageing*. July 2008, Volume 1, Issue 2–4, pp 125–151
- 15 Iran KHKH Demograficheskaya statistika / pod red. M. V. Karmanova. S. 456.
- 16 G. W. Jones, R. M. Douglas, J. C. Caldwell, R. M. D'Souza. *The Continuing Demographic Transition*. Clarendon Press, 1998
- 17 I. Grigor'yeva, V. Dyupra-Kushtapina, M. Sharova. Sotsial'naya politika v oblasti roditel'stva: sravnitel'nyy analiz (Rossiya — Frantsiya) // *Zhurnal issledovaniy sotsial'noy politiki*. 2014. T. 12. № 1. S. 32.
- 18 Khalykaralyk eurostat.eu internet resurstarynyñ mǎlímetterinen, <https://ec.europa.eu/eurostat>
- 19 A. Juha, A. Maarten, C. Harri, K. Nico, N. Timo, P. D. Quang. New forecast: Population decline postponed in Europe. *Statistical Journal of the United Nations Economic Commission for Europe*, vol. 23, no. 1, pp. 1-10, 2006
- 20 Khalykaralyk ec.europa.eu resmi saytynyñ mǎlímetterinen, <http://ec.europa.eu/social/main.jsp?catId=1110&langId=en&intPageId=4532>
- 21 howtogermaany.com internet resurstarynyñ mǎlímetterinen, https://www.howtogermaany.com/pages/parental_allowance.html
- 22 moneyadvice.service.org.uk saytynyñ resmi mǎlímetterinen, <https://www.moneyadvice.service.org.uk/en/articles/maternity-allowance>
- 23 expatica.com, internet resurstarynyñ mǎlímetterinen, <https://www.expatica.com/new/es/healthcare/womens-health/pregnancy-maternity-102276/>
- 24 Khalykaralyk ec.europa.eu internet resurstarynyñ mǎlímetterinen, <http://ec.europa.eu/social/main.jsp?catId=1129&langId=en&intPageId=4790>
- 25 sweden.se internet resurstarynyñ mǎlímetterinen, <https://sweden.se/society/10-things-that-make-sweden-family-friendly/>
- 26 Memlekettik әleumettik saktandyru korynyñ resmi saytynyñ mǎlímetterinen, <http://gfss.kz/#/home>

РЕЗЮМЕ

Демографическая политика – это комплекс мер, реализуемых государством в сфере регулирования воспроизводства населения. В статье проведен сравнительный анализ демографической политики разных стран мира, в том числе Казахстана. При анализе выявлено, что Казахстан относится к странам первого типа воспроизводства населения, где преобладает демографическая политика, направленная на повышение рождаемости и естественного прироста населения.

SUMMARY

A demographic policy is a set of measures implemented by the state in the sphere of regulating the reproduction of the population. The article provides a comparative analysis of the demographic policy of different countries of the world, including Kazakhstan. The analysis revealed that Kazakhstan belongs to the countries of the first type of population reproduction, dominated by demographic policies aimed at increasing the birth rate and natural population growth.

JEL classification: O13

DEVELOPING INTERNATIONAL BUSINESS STRATEGIC APPROACHES FOR AGRICULTURAL SECTOR IN MYANMAR

Onyusheva I.V.,

PhD, Associate Professor, Professor of RAM, RANH,
Turan University, Almaty, Republic of Kazakhstan

San San Su,

MBA

Stamford International University,
Strategy First Institute, Yangon, Myanmar

ABSTRACT

Purpose – this paper is devoted to disclosing international business strategic approaches to develop the agricultural sector in Myanmar as a highly potential market of South-East Asia.

Methodology – the research methodology of this paper is based on conducting the comparative analysis of existing patterns of macroeconomic development, political and social issues in the context of the agricultural industry in Myanmar. It is also implemented PESTEL, SWOT, risk management analysis, systematic vision, causes and consequences analysis, and expert assessment.

Originality/Value – Myanmar, previously known as Burma, is the second-largest country in South East Asia with a strategic geographic location bordering India, China, Thailand, Laos and Bangladesh having many contemporary attractive competitive advantages for international business development. The given research is studied the agricultural industry in the context of analysis of leading agricultural operating both in Myanmar and ASEAN community. Thus, this article presents the most contemporary analytical review of this current international business situation of the agricultural sector in Myanmar based on the most contemporary data.

Findings – in the given research it has been studied the current issues of international business strategic approaches for the agricultural sector in Myanmar. It is carried out risk identification, risk assessment and risk management analysis detecting significant business development environmental factors for the Myanmar agricultural sector. Based on risk management methods, it is suggested possible risk management and control strategies. Moreover, it has been considered the further recommendations for strategic development of the agricultural business in Myanmar.

Keywords – International business, strategy, development, agriculture, generalized system of preferences (GSP), Myanmar.

INTRODUCTION

Myanmar or officially the Republic of the Union of Myanmar, that is previously known as Burma, is a sovereign state in Southeast Asia. Since 1997 it has been included in the Association of Southeast Asian Nations (ASEAN) formed in 1967. The ASEAN's regionalism has a clear example of collaboration and cooperation which is even comparable to other world organizations such as the European Union (EU) [1;2]. Countries within ASEAN promote cultural, financial, political and economic integration to ease activities of trade and stability of the region. The ASEAN and Myanmar are the urgent objects of interest for both business and research exploring as it represents a real highly potential markets and good beneficial opportunities for developing international business in South East Asia.

Among the researchers who studied the issues strategic approaches for of international business development in ASEAN countries, including Myanmar, it should be mentioned the following names. The origin of problems of regional integration considering the case of ASEAN countries is presented in the work

of P. Schmitter [1] in 1970. Further, this idea is continued by M. Kim [2]. Among contemporary scientists, M. Plummer [3] considered the ASEAN economic community comparing with the European Union experience. Another researcher R. Severino [4] spent many time to discover politics of Association of Southeast Asian Nations economic cooperation. J. Sundararajan [5] described the regional integration of capital markets in ASEAN including recent issues and strategies. The ASEAN and the business development it is studied also in the works by T. Ito, A. Kojima, C. Mckenzie, and S. Urata [6], S. Tay, J. Tijaja [7], J. Siswanto, A. Adityo [8], S. Roy, D. Mutum, B. Nguyen [9] and others. Particularly, the strategic approaches for business development in Myanmar have been covered in the works of M. Ramree [10], U. Aiman [11], S. Win [12], T. Chau [13].

At the same time, it should be mention that Myanmar is still not well-studied object of research. It has its historical and political complexities. Myanmar is a rather closed country, formerly a country with a military political regime. For a long time, all the data was classified. And even today we still face this problem. The country is still not represented in the annual reports of the World Economic Forum, the United Nations, and etc. Nevertheless, we tried to collect the maximum possible data, covering 14 years (2004-2017), focusing on the current state (2016-2017). So, choosing such a complex, not well explored object of research from one side, and at with a very high potential for the international business development from the other side, it enhances the value of research and interest readers.

Myanmar's agriculture sector, which accounts for more than a third of the economy, has been seen as an attractive investment opportunity. But productivity has been hampered by factors such as a lack of fertilizers, poor irrigation systems and inefficient sales networks. Myanmar's total exports last year stood at 600,000 tonnes, according to the US Department of Agriculture, making it the world's tenth-largest supplier [10]. Within five years, the government hopes to raise that total to 5m tonnes, putting Myanmar within reach of Vietnam (7.4m), India (7.6m) and Thailand (8m) [11]. Myanmar was the world's top rice exporter when it was a British colony known as Burma. It shipped a record 3.4m tones in 1934, but the sector lost its way during half a century of military rule that continued until 2011 [12].




Figure 1 - Myanmar Agriculture Production Data

Note: Source – Compiled on the base of [10;13].

DATA REVIEW: SANCTION EASE OF THE US GOVERNMENT

The Burmese sanctions program of the U.S. government began in 1997 as a reaction to the 'repression of the democratic opposition'. A great part of the sanctions refers to the financial sector. However, since 2012, when reforms in Myanmar started, U.S. sanctions regarding Myanmar have been eased. Except if licensed or otherwise authorized, U.S. citizens are still prohibited from financially dealing with blocked persons (OFAC's Specially Designated Nationals (SDN) list and Blocked Persons list) or any entity (partly) owned by a blocked person. The exportation of financial services to the Myanmar Ministry of Defense, to armed groups (state and

non-state) as well as to entities majority-owned by any of the former is not allowed. Myanmar banks have been on SDN list since 2016. The U.S. citizens are prohibited to invest in any of the blocked banks [14].




Figure 2 - Origin of GDP (% real change), 2017

Note: Source – Compiled on the base of [14-16].

The World Bank estimated Myanmar's economic growth rate at 7 per cent, International Monetary Fund (IMF) estimated at 7.5 per cent and Asia Development Bank (ADB) estimated at 8.3 per cent respectively. To attain 7 per cent growth target of Gross Domestic Product (GDP) in Financial Year (FY) 2017-2018, the government has to perform for increasing national budget as well as government expenditure and boosting local and foreign investment [15;16].

KEY RESEARCH RESULTS

Foreign Trade Situation in Myanmar

Based on the official data of the Ministry of Commerce of Myanmar [15], it has been analyzed the foreign trade situation in Myanmar for 2004-2017.




Figure 3 - Export Transactions in Myanmar for 2004-2017, USD mln

Note: Source – Compiled on the base of [14-16].

According to the Figure 3 and 4, the data indicate the time of transactions that the respondents made foreign trade in Myanmar. The amount of transactions is higher year by year.




Figure 4 - Import Transactions in Myanmar for 2004-2017, USD mln

Note: Source – Compiled on the base of [14-16].

The import transactions are higher than the export transactions in Myanmar. In Figure 5 it is presented the data concerning total export and import transactions in Myanmar for 2004-2017.




Figure 5 - Total Export and Import Transactions in Myanmar for 2004-2017, USD mln

Note: Source – Compiled on the base of [14-16].

Moreover, the mode of transactions is marine and border trade. The marine trade transactions are higher than the border trade transactions (see Figure 6).




Figure 6 - Total Export and Import Transactions in Myanmar for 2004-2017, Marine, Border Trade, USD mln
Note: Source – Compiled on the base of [14-16].

The foreign investment in Myanmar has to be encouraged under the second short-term five-year plan for development projects from 2016-2017 FY to 2020-2021 FY. Also, exports and privatization will be promoted in collaboration with regional development projects. Private investment must be negotiated to guarantee the benefits of Myanmar people [17;18].

Agreement between Japan Government and Myanmar Government. According to the investment agreement between Japan government and Myanmar government for the purpose of promoting investment for the economic relationship, each contracting party can invest in accordance with international law including fair and equitable treatment, full protection and security [19].

International Business Cooperation

In March 2018, the Republic of the Union of Myanmar Government and Japan International Cooperation Agency (JICA) signed the loan agreements to provide Japanese ODA loans of JPY 117.04 billion for four projects that can support socioeconomic development in Myanmar. Among 4 projects (with annual interest rate 0.01%, repayment period 40 years, and grace period 10 years), there are Agriculture Income Improvement Project (loan amount JPY 30.469 billion) and project (phase II) for Small and Medium-sized Enterprises (SME) Financial Development (loan amount JPY 14.949 billion) [20].

Rice Exporting to Japan and other countries. Japan's rice industry is the most protected among the world, with import tariffs of Y341 per kg, which is exceeding the average selling price in Japan of Y276 per kg, according to the Japanese agriculture ministry. In 1990, Japan government allowed to buy the rice from foreign countries from US and other countries with a limited amount. Since 2000, Japan government bought about 770,000 Tones, which is equivalent to about 9 per cent of the domestic total consumption, annually from United State, Thailand and Australia. In Myanmar, Japanese agriculture ministry official confirmed that Mapco had won an open tender, in which the country of origin is not specified [17;19]. Moreover, the rice delivery contract deal between Japan's Ministry of Agriculture and Myanmar is an observing development for all to continue to follow in Sub-Saharan Africa. The Japanese government would like to see the impact Myanmar's re-entry in a big way like this deal on Asia's rice market. It is a phenomenon for them to watch; considering the rice imports' influence on food import bills in Sub-Saharan Africa.

Main Agricultural Sector Representatives in Myanmar: The 'Gohan' Ltd

The 'Gohan' Company Limited is a private company of agricultural product manufacturer. The active company incorporated on 26th June 2000 with the registered office in Bedfordshire, United Kingdom. According to the latest statement of 26th June 2017, there are 4 shareholders. They are 3 active directors and 1 active

secretary. ‘Gohan’ has been doing business for over 17 years.” ‘Gohan’ Company business type is Agriculture, fisheries and forestry. Their product items are rice, rice cake, packaged cooked rice and frozen green soybean. Their production is situated in Japan. And they distribute their products in local and foreign. They also have a business in the sale of food, beverages and tobacco in retail sale via mail order houses with its 46170 agents involved [21,22].

SWOT Analysis

Strengths. The ‘Gohan’ can achieve the differentiated product that can make the distinctive competencies in the industry. Intellectual capital and international experiences can encourage the innovative marketing capabilities. The company can achieve the strong alliances with foreign partners through cross-cultural competencies.

Weakness. At present situation of ‘Gohan’, the company is weak in brand and distinctive competencies. Extending the business in foreign country can be higher costs for ‘Gohan’.

Opportunities. ‘Gohan’ can increase scale from foreign operations and foreign markets. And the company can exploit a relationship with foreign business partners and government officials.

Threats. Growing bargaining power of foreign governments, costly new government regulations, entry of challenging competitors are treats for ‘Gohan’.

As key factors for going international, primarily considered in [23,24], ‘Gohan’ has been in the business for many years in its domestic market. The following factors are required to go international for ‘Gohan’: (1) quality and diversity of experience; (2) internationally comparable and competitive products; (3) complex network of sales for multinational markets; (4) disciplined budgeting and financial management.

PESTEL Analysis

Political Factors. The current political situation of Myanmar is needed to be considered for Myanmar is weak in political stability and that can impact to the business in export transaction. However, ‘Gohan’ can consider another export strategy, the cost in the business will be increased somehow.

Economic Factors. For the economic factors of Myanmar, the government strongly welcome to invest in Myanmar and there are a lot of incentives for foreign investment. That can be the opportunities for ‘Gohan’ to extend new markets.

Social Factors. Abundant of unskilled labors, poor efficiency and lack of good practice in business competition are still happening in Myanmar. ‘Gohan’ needs to be well prepared for it. Saving, investing and consumption are in the current trend.

Technological Factors. As Myanmar is in the situation of starting everything to be globalized, the technological factors of Myanmar would not be updated. But ‘Gohan’ can the good chances upon this situation by introduction new technological concerning with its agri-business.

Environmental Factors. As Myanmar has been delay to develop in the country for one generation, there are lots of raw things such as land that can give great opportunities for investors. As ‘Gohan’ is an agricultural production and distribution business, the opportunities are very huge as a return of its investment.

Legal Factors. Myanmar is still very weak in legal factors. Unstable rules and regulations can make difficulties for the business. Therefore, ‘Gohan’ needs to be well prepared for the legal contracts of its joint venture business implementation.

Entry Modes

There are many entry modes for an international company to enter the international markets. The most used modes are International Sales subsidiary, joint ventures, strategic alliances and franchising. For ‘Gohan’ in Japan, since most of the foreign companies look for local partners, making joint ventures is most advised for the following reasons.

Cheap Land Price for Agriculture

The ‘Gohan’ can make business joint ventures with one of Myanmar agriculture businesses. There would

be a lot of benefits by doing so. The land prices in Myanmar are quite fair, with less than 1 \$ per one square meter especially in Ayayarwaddy division which is the best place for agriculture, so 'Gohan' will not need to be worry about the high land prices as in other countries. The existence of Pathein, which is the capital of Ayayarwaddy division, and the economic zone sitting along the Ayayarwaddy river, can benefit a lot to do business, rather than with the other neighboring countries [21].

Generalized System of Preferences (GSP)

Myanmar received Generalized System of Preferences (GSP) for 4 countries which are Norway (2012), EU (2013), Canada (2015), US (2016), and that can make trades easier with lower tax rates or completely duty free [16]. For achieving GSP, Myanmar can offer its investors with different levels of incentives such as tax exemption for some products and even no import for raw materials and others. This can result the fair prices of the products, hopefully relying on actual market values and setting prices by 'Gohan' itself. Another advantage is that Myanmar is the land and sea-linked country, the fact that makes Myanmar an ease to ASEAN market, including to the neighboring Countries. Therefore, 'Gohan' can extend its future huge and competitive markets.

Low Cost Labor and Others Chances

Myanmar is attractive and abundance of low-cost labor. The labor population in Myanmar is higher year by year for the young generations are grown up. It is one of the reason to be considered for investing business in foreign country because the labor cost and the age of labor population can impact to the investor's business. Since 2013, Myanmar government has been opening the door of economy and they encourage the foreign investors to invest in Myanmar [12]. As Japan has strong relationship with Myanmar, there are a lot of business supports by Myanmar government for Japanese investors.

Risk Management Analysis

Risk management is a sophisticated process. Methods and tools that are used to protect banks from potential risks may vary from another. Application of appropriate tools is necessary because different reasons and situations bring about different risks. However, it is also important to note that most risks are often interrelated. One risk may lead to the creation of another risk. Operational risks may cause credit risks and credit risk may bring about liquidity risk. Risk management is an ever changing process and it is important to keep abreast with its evolution [25].



Figure 7 - The Model of Risk Management Process

Note: Source – Compiled by authors on the base of [25].

In the framework of risk management implementation, it should be:

- design the plan for capacity building including macro prudential and crisis prevention, and risk-based supervision are most helpful;

- set up the risk management units and also use early warning systems by assessing risk exposure internally;
- hire foreign experts for implementing more effective risk management practices and while recruiting skilled personnel;
- strengthen governance, procedure, structure, process and controls;
- be proactive in responding.

RECOMMENDATIONS

Өндірістік кооперативтердің құрыла бастауымен XX ғасырдың басында шаруа (фермер) шаруа қожалықтарына өндірістік қызмет көрсету кооперативтері пайда болды, олар электрмен жабдықтау (электр кооперативтері), жабдықтармен алмасу кооперативтері.

Осылайша, XIX – XX ғасырдың басында. Батыс Еуропада және әлемнің басқа елдерінде келесідей ауыл шаруашылық кооперативтері құрылды:

- несиелеу;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және өткізу;
- жеткізу және өндіріс қызметтері.

Осыдан түйіндейтініміз, дамыған елдерде аграрлық сектордың дамуын, оның тиімділігін арттырудың маңызды факторы кооперативтік ұйымдарды дамыту екендігі сол кезден ақ байқалынғандығы. Қай елдің кооперация үрдісін қарастыратын болсақ та өмір сүрудің қиындығы мен ауыр еңбек жағдайлары тұрғындардың кооперативтерге бірігуіне мәжбүр болғандығын анықтайды. Бұл Батыс елдерінің мысалында ғана емес Шығыста Қытай мен Вьетнам елдерінде де байқалды, бұған дәлел, шетелдік авторлар Tursinbek Sultan, Axel Wolz (2012) өз еңбектерінде осы екі елдің ауылшаруашылық кооперативтерінің тарихи құрылуын салыстырмалы талдау әдісімен ашып көрсеткен. Авторлар кең көлемді талдау жасап негізгі жүргізу тәсілдерін қарастырған. Қытай мен Вьетнам елдері кооперативке өту үрдісін басқа социалистік және тәуелсіздік елдерге қарағанда ертеректе бастаған, оған бірден бір себеп болған екі елде де ашаршылықтың болу салдары. Осы себептен де екі елде де ауылшаруашылық секторын көтеру қажеттілігі туындаған болатын. Әрине, Қытай мен Вьетнам елдерінің даму жолдары әр түрлі әдіспен іске асты. Вьетнам үкіметі көбіне ұжымдық шаруашылықты құру жолын көздесе, Қытай шаруалар арасындағы ұйымдастыруды бейресми түрде ұйымдастырды. Вьетнам болса ауыл шаруашылық кооперативтері жұмысын әртүрлі ережелер бойынша жалғастыра алады, Қытайда бастапқыда ауылшаруашылық ұйымдары толықтай жойылып, кейінірек қалпына келтірілді. 1997 жылы Вьетнамда кооператив туралы Заңы қайтадан күшіне енді. Ал Қытайда бұл Заң 10 жылдан кейін ғана пайда болды. Соған қарамастан бүгінгі күні екі елде де ауыл шаруашылығы кооперативтері қарқынды дамып келеді. 2010 жылы Қытайдағы шаруа қожалықтарының 10% және Вьетнамда шамамен 20% кооператив мүшелері болып табылады [5]. Әрине, авторлар мұндай нәтижелер басқа факторлармен қоса үкіметтің бұл саланы белсенді қолдауынсыз болмауы мүмкін еді деп санайды.

Үкіметтің кешенді қолдауынсыз, оның ішінде салық салу саясатына өзгерістер енгізбей кооперация жүйесі тиісті деңгейде дамымайтындығын ресейлік автор В.Г. Егоров (2012) өз еңбегінде дамыған Жапония, АҚШ және Голландия сияқты елдердің кооперациялық қызметін салыстырмалы талдау жасау негізінде кооперацияның тиімді жұмыс істеуі, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырумен қатар жаһандық экономикаға трансформациялық әсер етуінде ықпалы зор екенін дәлелдеген [6].

Шетелдік авторлар жасаған мәлімдемелерге сүйене отырып, аграрлық секторының ауылшаруашылық кооперациясына іс жүзінде ешқандай шаруашылық ұйымы балама бола алмайды деп және де ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігін арттыратын механизмдердің бірі деп санауға болады.

Әдіснама. Зерттеу көлемі мен мәліметтер саны

Қазақстанға келетін болсақ кооперация үрдісі XIX ғасырдың басынан бастап дами бастады, кейбір кезеңдерде кеңінен таралса, ал бір кезеңдерде оның аумағы азайып кетті де, тіпті толықтай жойылып кеткен уақыттары да болды. Осыған байланысты, біздің елдегі кооперация үрдісін бірнеше кезеңді басынан өткізді деп қарастыруымызға болады. Нақтырақ айтқанда 1886 жылдан бастап кооперацияға бірігу кезеңі несиелік серіктестік түрінде қарапайым кооператив түрлері қалыптаса бастады. Оның түрлерінің өзін Қазан төңкерісіне дейін екі кезеңге бөлуге болады: бірінші - 1909-шы жылға дейін, екіншісі 1909–1914 жылдар аралығы. Егер бірінші кезеңде тек 33 несиелік мекеме құрылса, ал келесі 5 жылда (1909–1913жж.) – 312 несиелік мекеме құрылған, бұл басқарушы органның екінші кезеңде шаруашылықтың барлық түрін кооперативке біріктіруін жаппай қолға алғандығын көрсетеді. Несиелік кооперативтердің санының өсуімен қатар олардың құрамы да тұрақты түрде артып отырған. Несиелік кооперативтер шамамен 760 мың адам немесе халықтың 14% құрады [7]. Мысалы, сол кезде Ақмола облысында жергілікті тұрғындардың 50%-дан астамы несие кооперативтерінің мүшелерін құрады. Жетісу ауданында отырықшы тұрғындар-45% және 10%-дан астамы көшпелі халықты құраған болатын. Жергілікті тұрғындардан құрылған несиелік кооперативтер көбінесе қоныс аударған казактардың шаруашылығына қызмет етті. Несие серіктестігіндегі қоныстанған халықтың үлес салмағы шамалы болды және жеке серіктестіктерде 0,2 пайыздан 37 пайызға дейін өзгерді. Қазақстан аумағында тұңғыш тұтынушылық қоғам 1893 жылдан бастап құрыла бастады. Қазақстандағы ең ежелгі тұтынушылық қоғамдардың ішіне Қарқаралы (1894), Жаркент (1897), Балхаш (1900), Верненский және Лепсинский (1901), Семипалатинск облысының «Ертіс» (1902), Кокчетавский (1904) қоғамдарын жатқызуға болады [8]. Ол кезеңдегі кооперативтер желісі көбінесе шағын және тек сол кооператив орналасқан жерде ғана қызмет көрсетті. 1917 жылдың басында осындай кооперативтер саны 1400 болса, жылдың соңында 1745-ке дейін жеткен.

Алайда, сол кездегі Одақтың Орталық кооперативтік комитетінің ұйымдастыру жұмыстарының дұрыс бағытта жүргізілмегендігінен кооперативтік қозғалысты дамыту бәсеңсіді, оған себеп болған Ресейдегі большевиктік қозғалыстан кейінгі биліктің жаңа күші кооператив жүйесіндегі шаруашылық ұйымдастыру механизмін өз қолына алуға тырысуы еді [9]. Кооперативтердің ұйымдық бірлестігі біраз дағдарыстан кейін қайтадан өз орнын ала бастады. Бұған әрине 1920 жылы құрылған Одақтық «Центрсоюз», 1924 жылы құрылған «Казахский краевой союз потребительских обществ» дәлел бола алады, өйткені 1922 жылдың өзінде «Центрсоюз» қазақ аймақтық одақтарына 179 кооперативті біріктірген 6 губсоюз, 20 райсоюз кіріп өз қызметін жүргізе бастаған. Алайда, В.И.Лениннің тұжырымдамасы бойынша бүкіл елдегі шаруашылық түрін, барлық аумақты қамтитын біртұтас кооператив құру болатын, яғни «кооперацияны толық ұлттандыру», бұл ойын «Жұмысшылардың біртұтас кооперативі» атты еңбегінде айтып кеткен. Бұл әдіс әрине халықаралық кооператив қағидаларына мүлдем сәйкес келмейтін еді.

Бұл кезеңде Қазақстандағы кооперативтік ұйымдардың басқару құрылымы «Центрсоюз» орталық одағының бекітілген құрылымына сәйкес жүзеге асырылып, қазақтарды кооперативке біріктіру үш бағытта жүргізілді:

- тек қазақ кооперативтерін ұйымдастыру;
- қазақтардың ресейлік кооперативтерге кіруі;
- сауда орталықтарын ұйымдастыру (факторий).

Сол кезеңде «Центрсоюз» саясаты бойынша қазақтарды мейлінше отырықшылдыққа икемдеу үшін, оларды кооперацияға жақындату ниетімен және тәжірибе жасап көру үшін фактория әдісін енгізген болатын. Фактория деген атпен кооперацияның дүкендерін ашты. Мұнда қазақтарға қажетті заттар басқа дүкендерден арзан беріледі және сатып алу бағасы керісінше қымбат бағамен алынатын етілген. Бұл дүкендердің міндеті – қазақты кооперацияға тарту, икемдеу оның қажеттілігі мен пайдасын оларға түсіндіру мақсатында еді.

Осы әдістердің нәтижесінде 1925 жылы Қазақстан аумағында 900 тұтынушы кооперативтері тіркелді, оның ішіне 185 мың мүше кірді. Жалпы ауылдық тұтыну кооперативтерінің жалпы санының 315 немесе 32% тек қазақ мүшелері құрады. 1926 жылы жалпы кооперативтердің тауар айналымы 49% шықты. Осы жылдардан бастап кооперативтік ұйымдардың ауқымы едәуір кеңейіп, кооперативтердің

жарғылық формалары барынша икемді және әртүрлі бола бастаған. Мысалы Орал облысында, тұқым, мал еті, ірі қара мал, сүт, мелиоративті өнімдерді сатып алу серіктестіктері көбейген.

Алайда, орталық одақтың басқару құрылымын Қазақстанға түбегейлі сол қалпында қолдану мүлдем дұрыс шешім емес еді. Бұл үрдістің негізгі себебі - кооперативтік қозғалысқа ешқашан қатыспаған байырғы тұрғындар, жер көлемі мен тұрғындардың алшақ орналасуы және оның көпшілігі ең кедей топтарынан еді. Бұл кезеңде де ұйымдастырушы органдардың кооперативтің қажеттілігі мен мағынасын түсіндіру жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуінен көптеген қателіктер жіберіліп тығырыққа тіреле бастаған еді.

Қазақстан үшін келесі кезең 1921 – 1922 жж. өте ауыр жағдайға әкеліп соқтырды, жаңа экономикалық саясатпен бірге тоталитарлық, авторитарлық басшылыққа көшу кезеңі басталды. 1921 жылдан бастап-ақ Еділ өзені бойынан бастап, қазақ халқы қуаңшылық болуына байланысты аштыққа ұшырады. Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей және Қостанай губернияларында егістіктің көбі күйіп кетті. Мал азығы қажетті деңгейде ұйымдастырылмай, малдың 80% қырылды. Елде жаппай аштық басталып, ашығушылар республика халқының 1/3 бөлігін қамтыды. Ең бірінші кезекте қазақ халқының ұлттық байлығының негізгі көзі болып саналатын мал шаруашылығы құлдырай бастады. 1920–1921 жылдар аралығындағы жаппай таралған жұттан кейін мал басы 1917 жылмен салыстырғанда 75% кеміп кетті. Кеңес үкіметі сөз жүзінде жаңа экономикалық саясат енгізгенімен, іс жүзінде қазақ халқына баяғы қарқынмен өзінің бақылауын жүргізуді тоқтатпады. Мемлекет қала мен ауыл арасындағы айырбасты кооперация арқылы бақылау саясатын ұстанып отырды. 1921 жылы 7-ші сәуірде мемлекет өзінің арнайы декретімен кооперацияға фабрика – зауыттық өнімдерді ауыл шаруашылық өнімдеріне айырбастауды міндетті тапсырма етіп берді. Бұл саясат іс жүзінде тиісті нәтижелерін көрсетпеді, себебі мемлекеттің ұйымдастыруымен іске асырылып отырған тауар айырбасы жеке саудамен қарым қатынас жасаса алмады. Және де мемлекеттік тауар айырбасы жаңа экономикалық саясаттың принциптеріне қарама қайшы еді, яғни сауда бостандығына көптеген кедергілер келтірілді. Осындай жағдайлар халықтың жаңадан ендірілген ауыл шаруашылық саясатына мүлдем сенімсіздігін тудырды.

Осыған қарамастан, кооперативтік қозғалыс одан әрі өз қызметін жүргізе берген, оған дәлел осы кезеңде өндірістік кооперацияның негізгі үш түрі орын алды, олар коммуна, артель және де жерді бірлесіп өңдеу жөніндегі серіктестіктері. Шаруалар ұжымдастыру түрлерін тандағанда негізінен жерді бірлесіп өңдеу жөніндегі серіктестіктерді тандап отырған. Сол уақытқа қарай 1074 тұтыну қоғамы жұмыс істеді, оның 312 – ауылдарда болды, қазақ даласының жекелеген түпкірлерінде 140 факторий құрылды. Қазақ шаруалары 1072 ұжымдық шаруашылықта, соның ішінде 101 коммунада, 17 артельде, жерді бірлесіп өңдейтін 294 серіктестікте кооперативтік және өзара көмек мектебінен өтті. Жаңа экономикалық саясат негізінде республикадағы мал саны артқан болатын, ол 1929 жылы 10,5 млн. – ға жетті [10]. Ауыл мен қыстақтарда орташалар шаруашылықтары көбейіп, орташалардың кедейлермен одағы нығая түсті. Алайда бұл кезең ұзаққа созылған жоқ, өйткені «ұжымдастыру» науқаны басталды. «Барлық формадағы кооперацияны барынша дамыту саясатын» ұжымдастыру бағытына көшіру көзделді. Ұжымдастыру мен отырықшыландыруды жаппай жүргізу үшін ауылдар мен қоныстарға 8 мың жұмысшы және 1204 «жиырма бес мыңдықшылар» жіберілді [10]. Олар Россиядағы колхоз жобасын қайталайтын қоныстандыру үлгісін орнықтырды. Ұжымдастыру жылдары кооперативтендіру қозғалысының өз ісін ашуға мүмкіндік беру, материалдық ынта, кооперативтендіруге шаруаның бірте – бірте өтуіне және еркіндік деген кооперативтік ұстамдары түбегейлі бұзылды.

Қазақстан аумағында тұрғындар шамамен 50% көшпелі және жартылай көшпелі елді мекендерден құралғандықтан, ұжымдастыру 100% көшпенді қоныс аударумен бір мезгілде жүзеге асырылды. Ұжымдастыру үрдісі бойынша шаруа қожалықтары жаппай колхоздарға біріктірілді. Бұл үрдістің қаншалықты қарқынды жүргеніне көптеген авторлардың жазбаларында дәлелдер өте көп, мысалы, Арбалы ауданында шаруашылықтар 70 пайызы дереу ұжымдастырылды, Беркаринский ауданында – 84% және Жәнібек ауданында – 95% шаруашылықтар шұғыл түрде ұжымдастырылды [11]. Дегенмен, тұрғылықты отырықшылық үшін тиісті жағдайлар жасалмады: тұрғын үй, әлеуметтік инфрақұрылым, мал шаруашылығы кешені, жемшөп базасы және т.б. Қазақстанда колхоздық қозғалыстың негізгі формасы мал шаруашылығы артелі болып саналды. Ұжымдастыру үрдісінің саясаты жедел жүруімен қатар кооперацияның да өтпелі формалары кең таралып отырды.

Қазақстанда 1927–1928 жылдарда Ресейдің саясатымен бұрынғыға қарағанда, қарапайым кооперативтерден несие серіктестігі де кеңінен тарады. Осы жылдарда несие серіктестіктеріне шамамен 70 мың шаруашылық кірді және ауыл шаруашылық несиесі 31 млн. рубльді құрады. Осындай жаппай біріктіру аясында 20 жылдардың аяғында барлық аумақтарда кооперативтің барлық шаруашылық түрлері кеңінен таралып өркендеді.

XX ғасырдың 30–40 – жылдарында Қазақстанның тұтынушылық кооперациясы мүлкі мемлекеттік болып одақтық кооперацияның жолын түбегейлі қайталады. Ұлы Отан соғысы кезінде тұтынушылық кооперативтердің ресурстары майданның қажеттіліктері үшін жұмылдырылды. Одан кейінгі кезеңдерде де тұтынушылық кооперативтердің қызметінің негізгі салалары саудаға, сатып алуға, кооперативтік өнеркәсіпке, материалдық-техникалық базаны дамытуға, кадрлар мен әлеуметтік даму қажеттіліктері үшін шоғырландырылды.

Елімізде қайта құру кезеңінде, яғни 80-ші жылдың ортасында сауда саттық тұтынушылық кооперативтің ең дамыған түрі болып қалыптасты. Қалалық кооперативтік сауда, сауда саттық кешендері бөлшек және көтерме сауда, қоғамдық тамақтану салаларында қызмет көрсетті, 1987 жылдардан бастап колхоздарда да жаппай енгізіле бастады, ол шамамен 150 мың адамды құрап, тұрғындардың 43%-на қызмет көрсете бастады.

Дайындау кешені ауыл шаруашылығы өнімдерін, мал және тері шикізатын, жеміс жидектерді алдын ала келісілген баға бойынша алып отырды. Сондықтан да тұтынушы кооператив жүйесінде 200-ден астам дайындау кешені қызметін атқарған. Осының нәтижесінде 1990 жылға дейін дайындау кешенінің сатып алу айналымының үздіксіз өсуінен 1940 жылы 9 млн рубль болса, ал 1990 жылы 1 млрд рубльге дейін өскен. Осы жылдарда кооперация қызметі кеңінен таралғандықтан осы сала қызметкерлеріне де сұраныс өскенін көреміз, мысалы әлеуметтік қызметкерлер мен әлеуметтік қызметкерлерді дайындау үшін кооперативтік білім беру жүйесінде 1 университет, 10 техникум, 18 кәсіптік училище және әр түрлі мамандықтар бойынша кадрларды даярлау және қайта даярлау курстары жұмыс істеген [12].

Алайда, 1990–1999 жж. аралығында экономикалық және әлеуметтік процестердің жоспарлы басқарылуымен жүз пайыздық иеленуден жылдам түрде нарықтық экономикалық жүйемен жеке меншікке өту процесі басталды. Жоспарланған жүйеден нарықтық жүйеге көшу – көптеген мемлекеттер тарихында кездесетін табиғи процесс еді. Осы кезеңде жұмыс істеп тұрған әрбір екінші кооператив өз қызметін тоқтатып немесе нысан түрін өзгерткен. Осыған қарамай, қазіргі күні талдау барысында байқайтынымыз, бүгінгі күнгі ауыл шаруашылық кооперативтерінің қайта жандануының негізгі әлеуметтік базасы және тұтынушылық кооперативтердің негізі сол жылдардағы кооперативтер болып табылатындығы анықталды.

Қазақстан үшін келесі нарықтық экономикаға көшу кезіңінде тұтынушылық кооперациясының алдында жүйені реформалау, мүліктік қатынастарды жетілдіру және кооператив қызметкерлерінің мүшелеріне осылардың барлығын ыңғайластыру сияқты үлкен және жауапты міндеттер тұрды. Осы бағытта белгілі бір жұмыстар да жүргізіле бастады. Тұтынушылық кооперативтерінің меншіктері жеке және заңды тұлғалар-пайшыларының, осы жүйе қызметкерлері мен зейнеткерлердің арасында бөлініске түсті. Меншіктің 31% бөлінбейтін қорда қалдырылып, кооперативтік ұйымдар басқармасына бекітілді. 1995 жылы қаржылық дағдарыс кезінде меншіктің жартысын облыстық әкімшілік пен үкіметке өткізу шешілді. Бұл уақытта тұтынушылық кооперациясының қарызы 1,6 млрд. теңгені құраған еді. Осы тоқырау кезеңінде басқару жүйесінде бірнеше реформалардан кейін нарықтық қатынастар жағдайына ыңғайластырылған тұтыну қоғамдары мен одақтардың негізгі бағыттарын анықтайтын үлгілік жарғылары бекітілді, алайда, қабылданып жатқан шараларға қарамастан, тұтыну кооперациясының жағдайы нашарлап барлық кооперативке тән қағидалары мен ережелері бұл жолы да ескерілмегендігі. Еріктілік өзін-өзі басқару сияқты кооператив қызметінің түбегейлі принциптері өрескел бұзылған соң бұл жүйе нарықтық қатынасқа түбегейлі сәйкестене алмады.

Тәуелсіздік алған жылдардағы жаңа кооперациялардың түрі одақтық кооперацияның тағдырын қайталай бастаған болатын. Ұйымдастырушылық басқаруында көптеген қиыншылыққа ұшырады, өйткені кооперативпен қатар Қазақстанда жаңа кәсіпкерлікті дамыту жүйесі қалыптаса бастаған болатын. Сол кездегі 1993 жылғы ресми мәліметтерге сүйенсек өндіріс және қызмет көрсету саласы бойынша жаңа

кооператив саны 3,5 мыңға жуық болатын, алайда, нарықтық қатынас сұранысына шыдамағандықтан жартысы өз қызметін тоқтатты, ал кейбіреуі меншік нысанын өзгертіп жеке шаруашылық қожалығына немесе жеке кәсіпкерлік шаруашылық түрлеріне өтуге мәжбүр болды. Осыған байланысты кооперация арқылы ауылды дамытудың сапалы жаңа деңгейіне шығару - мемлекеттің алдында тұрған маңызды міндеттерінің бір болғанымен, нарықтық кезеңде оны шешуге қажет ауылдық аумақтарды басқарудың ғылыми түрде негізделген әдістемелігінің болмауы да үлкен кедергі болғандығы белгілі болды.

Кооперациялық үрдіс Қазақстан үшін жаңа үрдіс еместігі белгілі болды, сондықтан да басқарушы орган кооперация жүйесі арқылы шаруашылықты біріктіру процесін алға қойып, осы орайда бүгінгі таңда кооперацияны дамытудың жаңа кезеңі басталды. Қазіргі күнгі заманауи нарықтық экономикадағы ауылшаруашылық кооперациясын дамыту шағын шаруашылық түрлері мен, фермерлердің алдында тұрған негізгі міндеттерді шешуге - экономикалық тиімділікті арттыру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру, делдалдарды азайту және де өндірістің тауарлық әлеуетін арттыру арқылы тұрғындардың табыстылығын арттыру болып табылуы қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауында «Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революцияға, терең және ұшқыр технологиялық, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер дәуіріне аяқ басты. Шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне жан-жақты қолдау көрсету қажеттігін. Өнімнің сапасы мен экологиясын сақтай отырып, ауыл шаруашылығын интенсивтендіру қажет» деп көрсеткен болатын [13].

Бұған дейін де, Үкімет 2015 жылдың 29 қазанындағы «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заңына қол қойған болатын. Бұл заң 2016 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап жүзеге асырыла бастады, бұрынғы заңдарға қарағанда ауыл шаруашылығы өндірушісінің алдында тұрған тосқауылдарды анықтап, келесідей толықтырулар енгізілген:

- ауыл шаруашылығы кооперативі коммерциялық ұйым мәртебесіне ие болуы;
- жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бірлескен өндірістік және өзге де шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін ерікті бірлестігінің мүшелігі негізінде құрылған заңды тұлға ретінде ауыл шаруашылық кооперативінің жаңа құқықтық мәртебесінің енгізілуі;
- кооперативтер қызметтің кез-келген түрімен айналысуға, сондай-ақ бірыңғай жер салығын төлеген кезде арнаулы салық режимін қолдану құқығына ие болуы [14].

Осы заң негізінде және ауылшаруашылық саласында жұмыс істеп тұрған кооперативтер өз қызметтерін қайтадан жандандырып, жаңадан кооперативтер қарқынды түрде құрылуда. Мемлекет тарапынан кооператив жұмыстарына қолдау көрсету мақсатында 2017ж. ақпанда Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021жж. арналған мемлекеттік бағдарламасыда қабылданды. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – нарықта сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті АӨК өнімін өндіруді қамтамасыз ету. Оның ішіндегі бірінші мәселе ұсақ және орта шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы кооперациясына тарту [15]. Осы шаралар негізінде ауылшаруашылық саласында істеп тұрған және жаңа құрылған кооперативтерге біршама қызметтер көрсетіле бастады. Бұл жұмыстардың тағы да бірден бір қозғаушы күші, мемлекет өз тарапынан қаржылай көмек түрін көрсете бастағандығы. Мысалы, 2017 жылы ауыл шаруашылығын қолдауға 25 млрд. теңге бөлінді. Жеңілдікті несие беру сомасы 18 млн.теңгеге дейін ұлғайып, несие беру мерзімі 5 жылдан 7 жылға дейін ұлғайтылды. Осы процестің қарқынды жүре бастауының дәлелі Ақмола облысында 46 кооператив (11 ет, 35 сүт бағыты бойынша) құрылған болатын, бұл 157 жаңа жұмыс орны ашылуына себеп болды. Несиелік қаражат есебінен 23 модульді сүт қабылдау пункті, 1 сою станциясы, 10 сүт таситын көлік сатып алынды. Сондай-ақ облыста бос тұрмыстық техника сатып алынып, аймақтағы шығынды кооперативтердің үлесі 56,5% жетті [16]. Осы қабылданған Заңды жүзеге асыру мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытуда бірлескен іс-қимыл жоспары дайындалып, осы бірлескен жоспар бойынша бірқатар іс-шаралар іске асырылуда.

Бүгінгі күні, ресми статистикалық мәліметтер бойынша 2017 жылдың басынан ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жалпы саны Республика бойынша қарқынды өскенін байқаймыз. 2017 жылдың қаңтар айында 1583 ауыл шаруашылығы кооперативі тіркелсе, 2018 жылдың маусым айында оның

саны 2872-ге жетіп отыр. Оның құрамына 2017 жылдың басынан әр түрлі шаруашылық түрлерінен 40 691 мүше кірсе, оның ішінде 16 843 мүше шаруа немесе фермер қожалықтарынан, 21 441 мүше үй шаруашылығынан кірген. Ал 2018 жылдың маусым айынан 62 825 мүшенің ішінен 26 550 шаруа немесе фермер қожалықтарынан, 30 956 үй шаруашылықтарының мүшелері кіріп отыр. Кооперативке кірген тұлғалардың көп үлесі үй шаруашылығы (51,15%) және шаруа фермер қожалықтары (43,48%) құраған. Бұдан байқайтынымыз, соңғы екі жылдың ішінде шаруа немесе фермер қожалықтары мен үй шаруашылығының мүшелерінің кооперативке кіру процесінің қарқынды өтуі. Бұған тағы да бір дәлел, бір ғана Алматы облысы Ескелді ауданының өзінде соңғы 2 жылдың ішінде ірі қара сою кооперативтері 7, сүт сатып алу кооперативі 8 және де жеміс-жидектер дайындау (оның ішінде бақша өнімдері) кооперативтері құрылған [17].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның ауыл шаруашылық дамуындағы қай кезеңді алсақ та, кооперацияның қажеттілігін, шаруашылық жүргізуде тиімді екенін басқарушы органдар толықтай түсініп, көптеген тәсілдер мен шаралар қолданылып отырғандығын байқаймыз. Оған дәлел XX ғасырдың басындағы несиелік кооперативтерге жасалған шаралар, Центрсоюздың қазақтарды жаппай кооперативтерге біріктіру жөніндегі қолданылған әдістері, шаруалар ұжымдастыру түрлерін енгізгенде жерді бірлесіп өңдеу жөніндегі серіктестіктерінің дамуы, ұжымдастыру үрдісі бойынша шаруа қожалықтары жаппай колхоздарға біріктірілуі, 30-40-жылдардағы тұтынушылық кооперациясының дамуы, 80-ші жылдардағы сауда саттық тұтынушылық кооперативтің қалыптасуы және тәуелсіздік алған жылдардағы кооперациялардың ұйымдастырушылық басқаруындағы жіберген қателіктеріне қарамастан қызметін жалғастыруы.

Қорыта келгенде, осы зерттеуден байқайтынымыз қай кезеңде болмасын Қазақстанда кооперативтердің қызмет ету үрдісінің ұзақ деңгейде дамымағандығы. Ұйымдастырушылық жұмыстарында көптеген олқылықтар орын алып, нәтиже қажетті деңгейіне дейін жетпей, тарихи қателіктердің қайталануында болып отыр. Осыдан кооперациялық байланыстардың ұйымдастыруында негіз болатын арқаудың жоқтығы, заманауи басқару әдістері және оның стратегиясының бүгінгі күні де айқындалмауында. Қазіргі таңда жаппай кооперативтер құрылғанымен тұрақты дамып өзінің даму шегіне жететіндігіне күмәннің барлығы болып отыр. Бүгінгі таңдағы кооперативтердің тұрақты дамыту үшін келесідей шаралар қажет:

- мемлекеттік деңгейде қаржылық қолдауды жүйелендіру стратегиясын жасау;
- ауыл тұрғындарына кооперацияны құруда бөлініп жатқан қаржының тұрақты түрде тиімділігін арттыру;
- аймақтарда пилоттық кооперативтерді іске асыру бойынша көмек көрсету;
- кооперациялық байланыстардың ақпараттандыру деңгейінің үздіксіз жұмыс істеуі.

Бүгінгі күні тарихи қателіктерге талдау жасалынбай, қайтадан сол әдістер қолдануында, бұл ретте айрықша атайтын болсақ кооперативтер «жоғарыдан сілтеу бойынша» емес ерікті түрде құрылуы қажет. Атап айтқанда, бүгінгі таңда ауылшаруашылығын тиісті деңгейге көтеруге, ауылдардың тұрақты дамуының бірден бір жолы – кооперациялық қатынастардың орнықты дамуы болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Харитонов Н.С. Традиционный и инновационный пути развития кооперации в сельской местности России\Состояние и проблемы развития сельской кооперации в России, М.: МГУ, ТЕИС, 2009. –33с
- 2 А.Чаянов, Краткий курс кооперации, 1990, 79с.
- 3 Сельскохозяйственная кооперация: теория, мировой опыт, проблемы возрождения в России/ Буздалов И.Н., Мартынов В.Д., Очинцева Л., Петрико А.В., Серова Е.В., Шмелев Г.И., Янбух Р.Г. – М.: Наука, 1997
- 4 Кооперативные организации Германии. Законодательство. Структура. Деятельность. – Белгород: Издательство Белгородского университета потребительской кооперации «Кооперативное образование», 1998.-109

- 5 Tursinbek Sultan, Axel Wolz, «Agricultural Cooperative Development in China and Vietnam since Decollectivization: A Multi-Stakeholder Approach», 2012 \Journal of Rural Cooperation\Hebrew University, Center for Agricultural Economic Research, vol. 40(2), pages 1-21.
- 6 Егоров В.Г. Мировой опыт развития кооперации в сельском хозяйстве\Журнал Лесной вестник 184-189 с [Электрон. ресурс] URL.: <https://cyberleninka.ru/article/n/mirovoy-opyt-razvitiya-kooperatsii-v-selskom-hozyaystve> (дата обращения: 09.01.2018)
- 7 Қазақ ССР тарихы, Т3 А-А. 1979ж.
- 8 Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана. Опыт и проблемы. А-А. 1990г.
- 9 Файн. Л.Е. Российская кооперация: историко-теоретический очерк. 1861-19306 Монография\Л.Е.Файн. Иваново:Иван.гос.университет, 2002, 320с.
- 10 Қазақ ССР тарихы, Т3 А-А. 1979ж.
- 11 Отчетный доклад правления Казпотребсоюза на XVI съезде потребительской кооперации Республики Казахстан//Потребительская кооперация Казахстана 1994г.№3-4
- 12 Энциклопедия. / Гл. ред. Р.Н. Нургалиев. Алма-Ата: Главная редакция казахской советской энциклопедии, 1986. 606 с.
- 13 Назарбаев Н. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции. – 2018. – 10 января. – с.1-4.
- 14 Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V ҚРЗ [Электрон. ресурс] URL.: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000372> (дата обращения: 14.09.2018)
- 15 Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Астана қ., 2017ж. [Электрон. ресурс] URL.: <http://mgov.kz/a-k-ti-damytu-memleketik-ba-darlamasy-2017/> (дата обращения: 10.08.2018)
- 16 Ауыл шаруашылығы кооператив мәселелері [Электрон. ресурс] URL.: <http://mgov.kz/auyl-sharuashyly-y-kooperatsiya-m-selesi/> (дата обращения: 1.11.2018)
- 17 <http://mgov.kz/auyl-sharuashyly-y-kooperatsiya-m-selesi/> (дата обращения: 1.11.2018)
- 18 Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің сайты, Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы [Электрон. ресурс] URL.: <http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsPublications> (дата обращения: 01.11.2018)

REFERENCES

- 1 Kharitonov N.S. Traditsionnyy i innovatsionnyy puti razvitiya kooperatsii v sel'skoy mestnosti Rossii\Sostoyaniye i problemy razvitiya sel'skoy kooperatsii v Rossii, М.: MGU, TEIS, 2009. –33s
- 2 A.Chayanov, Kratkiy kurs kooperatsii, 1990, 79s
- 3 Sel'skokhozyaystvennaya kooperatsiya: teoriya, mirovoy opyt, problemy vrozozhdeniya v Rossii/Buzdalov I.N., Martynov V.D., Ochintseva L., Petriko A.V., Serova Ye.V., Shmelev G.I., Yanbykh R.G. – М.: Nauka, 1997
- 4 Sel'skokhozyaystvennaya kooperatsiya: teoriya, mirovoy opyt, problemy vrozozhdeniya v Rossii/Buzdalov I.N., Martynov V.D., Ochintseva L., Petriko A.V., Serova Ye.V., Shmelev G.I., Yanbykh R.G. – М.: Nauka, 1997
- 5 Tursinbek Sultan, Axel Wolz, «Agricultural Cooperative Development in China and Vietnam since Decollectivization: A Multi-Stakeholder Approach», 2012 \Journal of Rural Cooperation\Hebrew University, Center for Agricultural Economic Research, vol. 40(2), pages 1-21.
- 6 Yegorov V.G. Mirovoy opyt razvitiya kooperatsii v sel'skom khozyaystve\Zhurnal Lesnoy vestnik 184-189 s [Elektron. resurs] URL.: <https://cyberleninka.ru/article/n/mirovoy-opyt-razvitiya-kooperatsii-v-sel'skom-hozyaystve> (data obrashcheniya: 09.01.2018)
- 7 Qazaq SSR tarixı, T3 A-A. 1979j.
- 8 Kollektivizatsiya sel'skogo khozyaystva v respublikakh Sredney Azii i Kazakhstana. Opyt i problemy.A-A.1990g.

- 9 Fayn. L.Ye. Rossiyskaya kooperatsiya: istoriko-teoreticheskiy ocherk. 1861-19306 Monografiya\ L.Ye.Fain. Ivanovo:Ivan.gos.universitet, 2002, 320s
- 10 Qazaq SSR tarixı, T3 A-A. 1979j.
- 11 Otchetnyy doklad pravleniya Kazpotrebsoyuza na XVI s"yezde potrebitel'skoy kooperatsii Respubliki Kazakhstan//Potrebitel'skaya kooperatsiya Kazakhstana 1994g.№3-4
- 12 Entsiklopediya. / Gl. red. R.N. Nurgaliyev. Alma-Ata: Glavnaya redaktsiya kazakhskoy sovetskoy entsiklopedii, 1986. 606 s.
- 13 Nazarbayev N. Poslaniye Prezidenta Respubliki Kazakhstan narodu Kazakhstana. Novyye vozmozhnosti razvitiya v usloviyakh chetvertoy promyshlennoy revolyutsii. – 2018. – 10 yanvarya. – s.1-4.
- 14 Awıl sharwashılıǵı kooperativteri twralı Qazaqstan Respwblıkasınıń Zańı 2015 jılǵı 29 qazandaǵı № 372-V QRZ [Élektron. reswrs] URL.: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000372> (data obraşçenıya: 14.09.2018)
- 15 Qazaqstan Respwblıkasınıń 2017-2021 jıldarǵa arnalǵan agroǵnerkásip keşenin damıtwdıń memlekettik baǵdarlaması. Astana q., 2017j. [Élektron. reswrs] URL.: <http://mgov.kz/a-k-ti-damytu-memlekettik-ba-darlamasyny-2017/> (data obraşçenıya: 10.08.2018)
- 16 Awıl sharwashılıǵı kooperativ máseleleri\ [Élektron. reswrs] URL.:<http://mgov.kz/auyl-sharuashyly-y-kooperatsiya-m-selesi/>(data obraşçenıya: 1.11.2018)
- 17 Qazaqstan Respwblıkası Ultıq Ékonomika Mınıstrligi Statistika komitetiniń saytı, Awıl,orman,ańsılıq jáne balıq sharwashılıǵı statistikası\ [Élektron.reswrs]URL.:<http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publications> Publications (data obraşçenıya: 01.11.2018)

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор рассматривает начало процесса кооперации в Казахстане, ее развитие и процесс спада. Автор обращает особое внимание на описание структуры управления кооперативными организациями, рассматривает факторы, влияющие на этапы развития и причины спада кооперативного движения в Казахстане. В статье проводится анализ организационно-управленческой работы на каждом этапе развития кооперации, а также методы использованные ЦентрСоюза. Статья описывает текущее состояние сельскохозяйственных кооперативов. Автором делается вывод о необходимости принятия мер для дальнейшего развития кооперации в Казахстане.

SUMMARY

In this article, the author deals with the beginning of the cooperation process in Kazakhstan, its development and recession. The author pays special attention to the structure of cooperative organizations management, examines the factors that influence the development stages and the reasons for the decline of the cooperative movement in Kazakhstan. The article analyzes the organizational and managerial activity at each stage of cooperation development, as well as the methods used by the Center Union. The article describes the current state of agricultural cooperatives. The author makes a conclusion that it is necessary to take measures for the further development of cooperation in Kazakhstan.

JEL classification: R1

**EVALUATION OF THE EFFICIENCY OF AGRICULTURAL PRODUCTION ON THE EXAMPLE
OF ALMATY REGION**

Lukhmanova G.K.,

Candidate of Economic Sciences, Acting Professor (Associate Professor)
Zhetysu State University named after I.Zhansugurov
Taldykorgan, Kazakhstan

Abaeyva G.I.,

Candidate of Economic Sciences, Associate Professor
Kostanay State University named after A.Baitursynov
Kostanay, Kazakhstan

Bedelbayeva A.E.,

Master, Senior Teacher
Zhetysu State University named after I.Zhansugurov
Taldykorgan, Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose – conduct a comprehensive analysis of the state of agricultural development in the Almaty region and assessment of the efficiency of production by areas.

Methodology – when writing the article, were used asbestos-logical, monographic, comparison methods, expert assessments, economic-mathematical, economic-statistical and other methods of economic research.

Originality – the results of the analysis highlight the issues of agricultural production, form the mechanism of sustainable development.

Findings – was carried out performance analysis of agricultural products of the Almaty region, were proposed the ways of sustainable development of the agrarian sector.

Keywords – agriculture, animal husbandry, crop production, agriculture, efficiency.

ӘОК 338.43
ҒТАМИ 06.52.13

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Лухманова Г.К.,

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған, Қазақстан

Абаева Г.И.,

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Қостанай, Қазақстан

Беделбаева А.Е.,

магистр, аға оқытушы
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Талдықорған, Қазақстан

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – Алматы облысының мысалында ауыл шаруашылығы салаларының даму жағдайын кешенді талдап, салалар бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру тиімділігін бағалау болып табылады.

Әдіснама – мақаланы жазу барысында абстрактылы-логикалық, монографиялық, салыстыр-малы, сараптамалық бағалау, экономикалық-математикалық, экономикалық-статистикалық және экономикалық зерттеулердің басқа да әдістері қолданылады.

Түпнұсқалылық/құндылық – мақалада жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижелері ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мәселелерін көтереді, аграрлық саланы тұрақты дамыту тетіктерін қалыптастырады.

Қорытындылар – Алматы облысының ауыл шаруашылығы салаларының өндірісіне кешенді тал-дау жасалды, аграрлық саланы тұрақты дамыту және жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалды.

Түйін сөздер – ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, агроөнеркәсіп кешені, тиімділік.

КІРІСПЕ

Нарықтық экономика жағдайында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын нығайту үдерісі өндірістің, әсіресе ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру үшін шаруашылық жүйенің түбегейлі қайта құрылуын талап етеді [1]. Қазіргі таңда отандық экономиканы қайта құру кезінде бірқатар мәселелер туындады. Әсіресе, Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін анықтайтын аса маңызды стратегиялық қызмет саласы ретінде ауылшаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға елеулі назар аударылды [2].

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылық механизмнің жетілмеуінен, коммерциялық ақпараттың жеткіліксіздігінен, сыртқы орта факторларының (тұтынушылардың іс-әрекеті, нарықтық конъюнктураның өзгеруі, жаңа тауарлардың пайда болуы, т.б.) әлсіз талдануынан және нарықта жұмыс істеу тәжірибесінің жоқтығынан тұрақсыз шарттарда әрекет етіп келеді [3]. Сондықтан, ауыл шаруашылық өнімін өндіру тиімділігін жоғарылату мәселесін қайта қарастыру және күшейту қажет.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Алматы облысы аумағында 16 аудан, 3 облыстық бағыныстағы қала, 731 село мен ауыл, 246 селолық округ бар. Облыстың әр бір ауданы шаруашылықтың барлық санаттары бойынша дәнді дақылдар, техникалық дақылдар, көкөніс алқаптарына бай өңірлердің бірі саналады [4].

2018 жылғы қаңтарда тұтастай республика бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің, қызметтерінің жалпы шығарылымы 105,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2017 жылдың қаңтарынан 1%-ға жоғары (кесте 1).

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемінің өсуі тірі салмақтағы мал мен құстың сойылған көлемінің 0,7%-ға, сауылған шикі сүттің - 3%-ға өсуімен түсіндіріледі [5].

Кесте 1. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің, қызметтерінің жалпы шығарылымы, млн.теңге.

	Жалпы шығарылым	одан:	
		өсімдік шаруашылығы өнімдері	мал шаруашылығы өнімдері
Қазақстан Республикасы	105 363,4	4 278,6	105 363,4
Ақмола облысы	7 542,9	159,7	7 542,9
Ақтөбе облысы	6 157,6	58,5	6 157,6
Алматы облысы	18 244,8	719,1	18 244,8
Атырау облысы	2 112,3	47,3	2 112,3
Батыс Қазақстан облысы	2 627,4	10,5	2 627,4
Жамбыл облысы	6 745,6	76,0	6 745,6
Қарағанды облысы	7 418,7	214,8	7 418,7
Қостанай облысы	7 273,3	1,8	7 273,3
Қызылорда облысы	2 307,1	2,0	2 307,1
Маңғыстау облысы	640,7	48,3	640,7
Оңтүстік Қазақстан облысы	19 498,5	2 769,3	19 498,5
Павлодар облысы	5 916,6	106,5	5 916,6
Солтүстік Қазақстан облысы	8 004,9	2,8	8 004,9
Шығыс Қазақстан облысы	10 734,3	21,5	10 734,3
Астана қаласы	30,7	14,0	30,7
Алматы қаласы	108,0	26,5	108,0

Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті мәліметтері негізінде құрастырылған [5].

1-кестеден байқағанымыздай, 2018 жылғы қаңтарда 2017 жылғы қаңтармен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің ұлғаюы республиканың 9 өңірінде байқалған және ауыл шаруашылық өнімдерін шығаруда Алматы облысы екінші орында орналасқан.

2017 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының нақтыланған егістік алқабы жалпы республика бойынша 21473,6 мың гектарды құрады, бұл өткен жылға қарағанда 2,1%-ға жоғары. Дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдардың жиналған алқабы 15313,8 мың гектарды немесе нақтыланған егістік алқаптан 99,4% құрады, майлы дақылдардың – тиісінше 1983,9 мың гектар және 97,4%, ашық топырақта өсірілген көкөністердің – 145,4 мың гектарды және 99,7%, картоптың – 186,2 мың гектарды және 99,7%, мақтаның – 109,6 мың гектарды және 100%[6].

Тазалағаннан кейінгі салмақта дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдарды жалпы жинау 2016 жылдың деңгейімен салыстырғанда 10,5%-ға ұлғайды және 20634,4 мың тоннаны құрады, майлы дақылдарды тиісінше – 22,9% және 1902,4 мың тонна, ашық топырақта өсірілген көкөністерді – 6,4% және 3635,7 мың тонна, мақта – 4,7% және 286,7 мың тонна, картоп – 0,7% және 3545,7 мың тоннаны құраған. 2016 жылғы деңгеймен салыстырғанда тазалағаннан кейінгі салмақта дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдардың түсімі 5,8%-ға өсті және 13,5 ц/га құрады. Жыл майлы дақылдар (түсімділігі 18,9%-ға өсті), қант қызылшасы (22,8%-ға), ашық топырақтағы көкөністер (1,7%-ға) үшін аса өнімді болды.

Ал, 2018 жылғы қаңтардағы Алматы облысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің, қызметтерінің жалпы шығарылымы – 18244,8 млн.теңгені, ағымдағы бағаларда, құрады (кесте 2).

Кесте 2 – 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Алматы облысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің, қызметінің жалпы шығарылымы, млн. теңге.

	Жалпы шығарылым	одан:	
		өсімдік шаруашылығы өнімдері	мал шаруашылығы өнімдері
Алматы облысы	18 244,8	719,1	17 520,1
Талдықорған	687,9	2,5	685,1
Қапшағай	215,8	92,6	122,9
Текелі	62,9	29,9	33,0
Ақсу ауданы	588,7	1,5	586,6
Алакөл ауданы	676,4	-	676,2
Балқаш ауданы	604,1	-	603,8
Еңбекшіқазақ ауданы	2 900,6	439,1	2 461,5
Жамбыл ауданы	976,9	27,9	948,8
Кербұлақ ауданы	549,4	-	549,1
Көксу ауданы	393,1	4,4	388,4
Қаратал ауданы	279,9	4,6	274,8
Қарасай ауданы	1 856,7	55,0	1 801,3
Панфилов ауданы	732,9	29,0	703,5
Райымбек ауданы	1176,9	-	1 176,9
Сарқан ауданы	396,9	0,5	396,0
Талғар ауданы	1 221,2	14,8	1 205,9
Ескелді ауданы	498,9	-	498,6
Ұйғыр ауданы	599,8	2,0	597,6
Іле ауданы	3 825,8	15,3	3 810,2
Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті мәліметтері негізінде құрастырылған [5].			

2017 жылдың қаңтарымен салыстырғанда 101,8%, мал шаруашылығы өнімі - 17520,1 млн.теңге (2017 жылғы қаңтарға 101,9%), өсімдік шаруашылығы өнімі – 719,1 млн.теңге (100%) болды.

Соңғы бес жылдағы Алматы облысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3. Шаруашылықтың барлық санаттары бойынша ауыл шаруашылығының 2013-2017 жылдардағы дамуының негізгі көрсеткіштері.

Көрсеткіш	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
Ауыл шаруашылығы, млн. теңге	290 983,8	342 543,2	377 014,0	425 307,9	551 101,1
оның ішінде:					
Өсімдік шаруашылығы	150 361,1	175 248,2	189 290,2	214 429,3	302 633,5
Мал шаруашылығы	139 907,1	166 422,7	186 668,4	209 441,1	246 934,4
Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті мәліметтері негізінде құрастырылған [5].					

3-кестеде көрсетілгендей, 2015 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 377 014,0 млн теңге болса, оның 50,2%-ын өсімдік шаруашылығы, ал мал шаруашылығы 49,8%-ын құраған. 2016 жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 425 307,9 млн. теңгеге өскен. Оның 50,4%-ын өсімдік, ал 49,6%-ын мал шаруашылығының есебінен болған. 2017 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 551 101,1 млн теңгеге жетіп, оның 45%-ы мал шаруашылығының, ал 55%-ы өсімдік шаруашылығының жалпы өнім көлемінің есебінен болған болды.

Соңғы бес жылдардағы Облыс аудандарының бөлінісіндегі ауыл шаруашылығының жалпы өнімділігі төмендегі 4-кестеде берілген.

Кесте 4. Облыс аудандарының бөлінісіндегі ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, млн.теңгемен.

Облыс аудандарының бөлінісі	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
Алматы облысы	290 938,8	342 543,2	377 014,0	425 307,9	551 101,1
Ақсу	10 062,9	12 654,5	13 204,9	15 329,1	19 894,7
Алакөл	13 616,6	17 104,1	19 239,4	24 343,1	31 247,4
Балқаш	9 020,2	10 631,1	11 554,5	14 533,2	18 737,4
Еңбекшіқазақ	38 840,5	48 280,0	50 053,4	56 548,4	72 414,7
Ескелді	11 893,1	13 595,0	15 407,6	17 239,7	22 705,4
Жамбыл	15 848,1	21 990,1	22 723,7	25 037,5	32 680,3
Іле	28 969,3	31 661,6	35 905,5	42 850,1	57 204,3
Қарасай	24 702,9	26 378,8	28 992,6	31 566,3	40 891,7
Қаратал	10 265,0	11 454,1	13 740,0	16 299,0	21 548,1
Кербұлақ	14 099,3	15 518,6	18 740,0	20 977,7	27 334,6
Көксу	9 249,2	10 733,2	13 828,7	16 196,2	21 768,5
Панфилов	18 473,2	22 066,4	22 918,9	26 261,5	34 498,9
Райымбек	18 986,0	22 946,2	24 632,1	26 191,4	34 113,5
Сарқан	12 676,7	14 551,4	16 601,2	18 386,9	24 689,3
Талғар	23 990,2	27 493,1	28 867,1	31 377,2	40 175,3
Ұйғыр	16 675,8	18 959,5	20 868,7	19 357,7	21 713,2
Қапшағай	6 454,0	7 919,8	8 685,4	10 077,0	12 730,4
Талдықорған	5 931,6	7 160,4	9 131,7	10 395,1	13 722,4
Текелі	1 229,2	1 445,3	1 863,0	2 340,8	3 031,0

Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті мәліметтері негізінде құрастырылған [5].

4-кестеден байқағанымыздай, 2017 жылдағы Облыстың ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім бойынша аудандардың бөлінісінде ең жоғарғы көрсеткіш 72 414,7 млн.теңге ол Еңбекшіқазақ ауданына тиесілі, екінші орында Іле ауданы 57 204,3 млн.т еңгемен, үшінші орында 40 891,7 млн. теңге мен Қарасай ауданы, Талғар ауданы 40 175,3 млн. теңгемен төртінші орында, бесінші орында 34 498,9 млн. теңгемен Панфилов ауданы.

Алматы облысы бойынша өсімдік шаруашылығы өніміне осы жылы жиналған астық өнімдерінің бағасы, жаңа отырғызылған көп жылдық өсімдіктер мен жыл басынан жыл соңына дейін аяқталмаған өндірістің құны кіреді. Соңғы бес жылдағы Алматы облысы бойынша өсімдік шаруашылығының өнімдерінің көлемі 5-кестеде көрсетілген.

Кесте 5 – Алматы облысы бойынша 2013-2017 жылдардағы өсімдік шаруашылығының өнімдері.

Мазмұны	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
Өсімдік шаруашылығы	150 361,1	175 248,2	189 290,2	214 429,3	302 633,5
Барлық егіс алқабы, мың гектар	909,0	889,6	910,9	921,1	926,2
оның ішінде					
Дәнді дақылдар	470,5	450,5	445,0	447,3	449,2
Бидай	215,4	194,3	167,8	161,4	140,5
Арпа	174,1	172,2	191,2	199,6	223,5
Дәнді жүгері	62,6	66,0	67,8	69,5	72,0
Күріш	14,1	14,2	14,2	14,2	10,6
Техникалық дақылдар	155,4	148,5	162,5	164,1	161,9
Күнбағыс	40,8	35,4	31,4	26,5	26,0
Қант қызылшасы (фабрикалық)	11,1	6,3	1,6	0,4	0,4

Кестенің жалғасы

Темекі	0,7	0,7	0,7	-	-
Картоп, көкөніс- бақшалық дақылдар	66,9	71,0	73,1	74,6	75,1
Жемдік дақылдар	216,2	219,6	230,2	234,65	236,
Бау-бақша мен жүзімдер	20,0	20,4	21,3	21,0	19,6
Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті мәліметтері негізінде құрастырылған [5].					

5-кестеге сәйкес, 2017 жылғы 1 қаңтардағы Алматы облысының өсімдік шаруашылығының құрлымы бойынша талдау жүргізер болсақ, барлық егістіктер алқабы 926,2 мың гектарды құрайды. Дәнді дақылда алқабы 449,2 мың гектар, ал техникалық дақылдар 161,9мың гектарды, картоп, көкөніс-бақшалық дақылдар 75,1 мың гектар болса, жемдік дақылдар 236 мың гектарға тең.

Алматы облысындағы ауыл шаруашылығындағы дақылдардың жалпы өнімі дәнді дақылдар бойынша 2017 жылды 1 220,3 мың тонна болған. Бидай өнімі 279,3 мың тонна, арпа өнімі 451,7 мың тоннаны, ал дәнді жүгері өнімі 441,3 мың тоннаны құраған. Күріш өнімінің көлемі 44,1 мың тонна болса,қант қызылшасы 122,8 мың тоннаға жеткен. Күнбағыс 26,2 мың тонна, картоп өнімі 706,7 мың тонна, ал көкөніс 947,9 мың тонна болған. 2017 жылғы негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін 1 га центнерге есептегенде, дәнді дақылдар 26,1 центнер, бидай 18,6 центнер, арпа 21,1 центнер, дәнді жүгері 61,4 центнер болса, ал күріш 33,1 центнерді құраған. Қант қызылшасы 352,4 центнер, күнбағыс 9,5 центнер, картоп 181,5 центнер болса, көкөніс 291,9 центнер болған [7].

2013 жылы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарығы өсімдік шаруашылығының үлесі 45 пайыз болса, 2014 жылы 43,8 пайызға төмендеген, 2015 жылы оның үлесі 43,1 пайызды құраған. 2016 жылы 36,7 пайызды ғана құрап, 2017 жылда үлесі 38,2 пайызға жеткен. Ал жұршылық шаруашылығында 2013 жылы өсімдік шаруашылығының үлесі 30,3 пайыз болса, 2014 жылы 27,1 пайыз болған. 2015 жылы бұл көрсеткіш 26,1 пайызға түскен, 2017 жылы 26,7 пайызға жетіп, 2017 жылда 40,6 пайызды құраған.

Алматы облысындағы өсімдік шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді халықтың жан басына шаққанда Астық өнімдері 2013 жылы 587 килограммға, картоп өнімі 341 килограммға, көкөніс 368 килограммға тең болған, 2014 жылы астық өнімдері 525 килограмм, картоп өнімдері 356 килограмм, көкөніс өнімдері 433 килограмм болған, 2015 жылы астық өнімдерін өндіру 556 килограммға, картоп 329 килограммға, көкөніс өнімдерін өндіру 451 килограммға тең. Астық өнімдері 2016 жылы 542 килограммға, картоп өндіру 339 килограмм, көкөніс өндіру 463 килограмм болған. 2017 жылы бұл көрсеткіштер біршама өскен, яғни астық өнімдері 631 килограмм, картоп өндіру 365 килограмм, көкөніс өндіру 490 килограмм болған [7].

Халықтың жан басына шаққанда өсімдік шаруашылығындағы негізгі азық-түлік өнімдерін тұтыну картоп бойынша 2013 жылы 47 килограмм, көкөніс және бақшалық азық-түлік өнімдерін тұтыну 112 килограмм,нан өнімдері 143 килограммға тең болған. Аталмыш өнімдерді тұтыну 2014 жылы картоп 44 килограмм, көкөніс және бақшалық өнімдер 102 килограмм, нан өнімдері136 килограмм болған. 2015 жылы картоп 45 килограмм,көкөніс және бақшалық өнімдер 102 килограмм, нан өнімдері 129 килограммға болса, 2016 жылы нан өнімдері 134 килограмм, көкөніс және бақшалық өнімдері 100 килограмм, картоп өнімдерді 42 килограмм болған.

2017 жылғы 1 қаңтардағы өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнімділігі аудандар бойынша талдап қарастырсақ бидай өнімділігі Сарқан ауданында 44,2 мың центнерге, Кербұлақ ауданында 394,4 мың центнерге, Жамбыл ауданында 388,2 мың центнерге тең. Арпа өнімділігінде алғашқы орында Кербұлақ ауданы 1 059,2 мың центнермен, келесіде Жамбыл ауданы 646,9 мың центнермен, үшіншіде 450,4 мың центнермен Алакөл ауданы тұр.

Дәндік жүгері өнімділігі бойынша алғашқы орында 1 531,2 мың центнермен Панфилов ауданы, 1 311,1 мың центнермен Еңбекшіқазақ ауданы, 669,8 мың центнермен Қапшағай қаласы орналасқан. Алакөл ауданы 86,9 мың центнермен, Сарқан ауданы 66,6 мың центнермен, Еңбекшіқазақ ауданы 39,6 мың центнермен күнбағыс өнімділігі бойынша бірінші үштік орында. Соя өнімділігі бойынша біріншіде Сарқан ауданы 488,3 мың центнермен, Алакөл ауданы 479,7 мың центнермен екінші, Ескелді ауданы

267,4 мың центнермен үшінші орында. Қант қызылшасы өнімділігі бойынша бірінші үштікте Ескелді ауданы 383,2 мың центнермен, Көксу ауданы 249,4 мың центнермен және Ақсу ауданы 213,1 мың центнермен тұр. Райымбек ауданы 1 434,0 мың центнер, Қарасай ауданы 870,3 мың центнер, Еңбекшіқазақ ауданы 761,6 мың центнер көрсеткіштерімен картоп өнімділігі бойынша алғашқы үштікте. Көкөніс өнімділігі бойынша көрсеткіштер Еңбекшіқазақ ауданында 2 928,8 мың центнер, Қапшағай қаласында 1 314,7 мың центнер, Іле ауданында 967,2 мың центнер болған. Күріш өнісділігі Балқаш ауданында 317,2 мың центнер, Қаратал ауданында 123,6 мың центнер болған (6-кесте).

Кесте 6. 2017 жылдағы ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі

Дақылдар атауы	ауыл шаруашылығының барлық санаттары	ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында	шаруа немесе фермер қожалығында	халықтың үй шаруашылығында
Дәнді дақылдар, барлығы	27,2	24,5	27,0	61,5
одан:				
Күздік бидай	19,9	17,9	20,8	-
Жаздық бидай	19,9	16,3	21,0	-
Күздік арпа	24,8	21,3	25,3	-
Жаздық арпа	19,8	15,2	20,9	-
Сұлы	15,2	16,9	14,4	-
Құрғақ дәндік жүгері	61,4	60,3	61,6	61,5
Күріш	41,8	41,4	43,8	-
Күнбағыс	10,2	6,4	10,7	13,2
Соя	21,7	16,2	22,8	-
Қант қызылшасы	325,4	327,7	329,5	32,1
Картоп	181,5	158,7	180,2	184,7
Көкөніс	291,9	388,1	293,7	270,9
Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті мәліметтері негізінде құрастырылған [5].				

6-кестенің мәліметтеріне сәйкес, ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы күздік бидайдың жалпы өнімділігі 17,9 га центнер, жаздық бидай 16,3 га центнер, күздік арпа 21,3 га центнер, жаздық арпа 15,2 га центнер, сұлының жалпы өнімділігі 16,9 га центнер, құрғақ дәндік жүгері 60,3 га центнер, күріш өнімділігі 41,4 га центнерге тең. Күнбағыстың жалпы өнімділігі 6,4 га центнер, соя өнімділігі 16,2 га центнер, қант қызылшасы 327,7 га центнер болса, картоп өнімділігі 158,7 га центнер, көкөніс өнімділігі 388,1 га центнер болған. Шаруа немесе фермер қожалықтарындағы күздік бидайдың жалпы өнімділігі 20,8 га центнер, жаздық бидай 21,0 га центнер, күздік арпа 25,3 га центнер, жаздық арпа 20,9 га центнер, сұлының жалпы өнімділігі 14,4 га центнер, құрғақ дәндік жүгері 61,6 га центнер, күріш өнімділігі 43,8 га центнер, Күнбағыстың жалпы өнімділігі 10,7 га центнер, соя өнімділігі 22,8 га центнер, қант қызылшасы 329,5 га центнер болса, картоп өнімділігі 180 га центнер, көкөніс өнімділігі 293,7 га центнер болған. Ал, үй шаруашылығындағы құрғақ дәндік жүгері 61,5 га центнер, күнбағыстың жалпы өнімділігі 13,2 га центнер, қант қызылшасы 32,1 га центнер болса, картоп өнімділігі 184,7 га центнер, көкөніс өнісділігі болса 270,9 га центнер болған.

Қазақстандағы мал шаруашылығын дамытуда Алматы облысы аймақтарының үлесі зор[8]. Себебі, Жетісу өңірінің жері мал шаруашылығына таптырмас жер. Алматы облысының мал шаруашылығының және мал шаруашылығының соңғы бес жылдағы өнімділік жағдайын қарастырайық.

